



Балалар
жылы
2022

КАУЫРСЫН ҚАЛАМ



ҚАЛАЛЫҚ ШЫГАРМАШЫЛЫҚ
БАЙҚАУЫНА ҰСЫНЫЛҒАН ЖАС ДАРЫНДАРДЫҢ
ШЫГАРМАЛАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

Құрметті оқырман!

Назарыңызға Қазақстандағы Балалар жылды аясында Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен өткен «Қауырсын қалам» қалалық байқауына қатысушылардың шығармалар жинағын ұсынамыз.

Жинаққа Қарағанды қаласының жалпы білім беретін мектептері оқушыларының 45 шығармашылық жұмысы енгізілген.

Байқау жас дарынды авторларды іздестіру және қолдау, 12-15 жас аралығындағы балалардың шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін дамытуға бағытталған болатын.

Байқауға қатысуға әр түрлі жанрдағы балалардың өз шығармалары ғана қабылданды. Қатысушылардың ұсынылған жұмыстары авторлық болып табылады және мазмұнына түзетулер енгізілмеген.

Сайыс женімпаздары:

- I орын - Несіпбекова Адина «Қайдасың, Әлия?»
- II орын - Абдиразакова Айша «Қара қойдың хиқаясы»
- III орын - Серік Сұлтан «Ержігіт»

Номинациялар бойынша женімпаздар:

- «Адамгершілік күндылық» - Жұмабек Нұрайым «Ақылды шәкірттер»
- «Креативті сюжет»-Еділбай Дағын «Ұмытшақ Перизат жайлы ертегі»
- «Қызықты сюжет» - Уалихан Бекнұр «Аю аңсаған құлпынай дәмі»
- «Заманауи ертегі» - Мухтарова Еркеназ «Флешка бала»

МАЗМУНЫ

| | |
|---|----|
| Абдулла Бақдаулет Ақтөс туралы әңгіме..... | 4 |
| Құлтай Ділнара Менің ауылым | 6 |
| Жұмабек Нұрайым Ақылды шәкірттер | 9 |
| Абдиразакова Айша Қара койдың хиқаясы | 11 |
| Болатбеков Мағжан Ай мен күн | 15 |
| Мухтарова Еркеназ Флешка бала | 16 |
| Несипбекова Адина Қайдасың, Әлия? | 20 |
| Оспанова Дарина Көктем | 25 |
| Саятқызы Үлпан Достық жайлы бірер сөз | 28 |
| Тұрбекова Толғанай Ғажайыпайна..... | 30 |
| Серік Сұлтан Ержігіт | 32 |
| Орман Қәусар Ержүрек Ахмет | 34 |
| Уалихан Бекнұр Аю аңсаган құлпынай дәмі..... | 36 |
| Жанқабыл Қәусар Ардақтың арманы | 38 |
| Жұмабай Әмина Ақылды сиыр | 40 |
| Жәкен Гұлсезім Жыл мезгілдері..... | 42 |
| Жанұзақ Інкәр Өнерпаз септіктер..... | 43 |
| Асқар Шахзада **** | 44 |
| Еділбай Дағын Ұмытшақ Перизат жайлы ертегі | 47 |
| Зарлық Ерзат Мейірімді кітаптар | 49 |
| Бақытжан Балым Мейірімді қыз | 50 |
| Қайролла Айжарқын Жаңбыр бізге неге керек | 52 |
| Жансентова Мадина Жер ана | 53 |



Абдулла Бақдаулет,
8 сынып
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
мектеп-гимназиясы» КММ

АҚТӨС ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ

Күндердің бір күнінде таң атпай Ақтөс үйқыдан тұрды. Сол кезде Ақтөстің қожайыны Марат та оянған еді. Күндегі әдетінше Ақтөске тамағын беріп, жұмысына дайындалды. Ол циркте қызмет жасайтын. Ақтөсті де циркке апатын. Ақтөс көп иттің бірі емес, кісі қызығарлық өнері де бар. Ол үлкен және биікте тұрған домалақ тесіктерден жақсы секіретін. Марат соның арқасында Ақтөспен циркте ақша тауып, күнін көретін.

Арада айлар өтеді. Циркте Ақтөстен басқа да аңдар мен жануарлар өнерін көрсететін. Бірақ солардың ішінде бір ай болмастан өнерімен баршаны тамсандырған Ақтөс көпшіліктің құрметіне бөленеді.

Соның арқасында оларға ақша көп беріледі. Марат бұл жаңалыққа қуанып, Ақтөспен бірге үйге қайтады. Үйге кіріп кетіп, Ақтөсті сыртта қалдырады. Өзі тапқан ақшаның буына мастанып, өзінің досын ұмытып кетеді. Ал сыртта қалған байғұс Ақтөс қайда баарын білмей, сыртта біраз қыңылайды, иесі есік ашар деп телміріп есікке қарайды.

Есік ашылмайды, иттің қарны ашады. Амалы таусылған Ақтөс жолға түсіп, үйден жыраққа кетеді.

Тұн. Айнала тып-тыныш. Жүрген адам, үрген иттің де дыбысы естілер емес. Иесіз үйден алысқа кетіп көрмеген Ақтөстің негізгі қорқынышы да осы тыныштық, меніреу қараңғы дала және бостық. Аз жүрді ме, көп жүрді ме, өзі де түсінер емес.

Қарны ашып, әдбен шаршаған Ақтөс бір дүкеннің жанына келіп, үйқыга кетеді. Таң атады. Ақтөстің көңіл-күйі нашар, қарны да аш... Ол дүкеннің жанында әлгі біреуді күтіп тұрғандай отыр. Сәлден соң дүкеннің иесі де келді. Ақтөс оны көріп, еркелей, құйрығын бұрандата оның қасына келеді. Дүкеннің иесі Лукас бұраңдаған Ақтөсті көріп, басынан сипайды.

Ол өзі үй жануарларын қатты жақсы көретін әрі ветеринар болып қызмет жасайтын қарапайым орыс азаматы еді. Сондықтан осы уақытқа дейін жақсы

күтім көрген Ақтөсті көргенде Лукас ойланбастан оны өз үйіне алғып кетеді. Ақтөс те бұған қарсы болған жок.

Үйіне келгенде үй иесі оны бөлмеге жібереді. Жаңа орта, жаңа үйге келген Ақтөс айналаны барлай қарайды. Ол бөлмеде өзінен басқа тағы да жануарлар бар екенін көреді. Олар: Ұлыбританиялық ең қымбат иттерінің брі – Оливия, екіншісі –попугай Кеша.

Өзі сондай өнерлі. Адам айтқан сөзді дәл сол қалпында сайрап айтып береді. Үшіншісі-Батон атты тасбақа. Олар бір шаңырақ астында тату тұрып жатқаны бірден көзге түседі. Әйтсе де, Ақтөстің көзіне бірден Оливия түседі. Оливияға да Ақтөс ұнап қалады.

– Қош келдің бізге, иесіз қалған ит, - деп Лукас орысшалайды. Лукас қосымша циркте жұмыс істейді екен. Бұны білген Ақтөстің көңілі жайлана түседі. Ерекше қамқор болған Лукас төртеуін бөліп-жармай, цирк сахнасында өнер көрсетуге дайындейды.

Бірақ ол Ақтөстің бойындағы талантты білмегендіктен, оған не үйретсем екен деп ойға батады. Оның жабырқау түрін көрген Ақтөс өз өнерін көрсетіп, қатты таңғалдырады.

Ерекше қамқорлығын көрсетіп жүрген Лукастың да арам ойы бар еді. Ол бұл жануарлардың арқасында көп ақша тауып, байлыққа кенелмек.

Сөйтіп оның бұл ойы жүзеге аса бастайды. Тапқан ақшасын тек өзіне жүмсайды. Ақшаның буына ерген Лукас жануарларға мейірімсіздік танытып, оларға уақытысымен қарамай, тамақтандырмайды.

Сахнаға шығатын күн келді. Ақтөс, Оливия, Кеша мен Батон өз өнерлерін көрсете бастайды. Циркте адам саны өте көп. Оливия, Батон мен Кеша өнерлерін көрсетіп болды.

Ақтөстің кезегі келді. Өнерін енді көрсете бастағанда, бір топ адамның арасынан өзінің қожайыны, Маратты, көреді. Иесін әбден сағынған ол жүгіріп, Мараттың үстіне секіреді, бетін жалайды.

Марат қатты қуанып, Ақтөстен кешірім сұрап, құшақтайды. Бұны көрген Лукас қатты ашуланып, Маратқа тисе бастайды. Марат Лукасты орнына қойып, бәрін түсіндіреді. Өз қателігін түсінген Лукас кешірім сұрайды.

Алайда, жануарларға қатігездік көрсеткенін білген Марат Лукасқа ұрысып, қаладан мәнгілікке кетуін талап етеді.

Мараттың айтқан сөзіне көпшілік қуәгер болғанын көрген Лукас қорыққанынан қашып кетеді. Лукастың жануарлары қараусыз қалады. Оны көрген Марат көпшілік алдында: «Әрқашан баскөз боламын, мейіріммен қараймын», - деп уәде беріп, оларды асырап алады. Сөйтіп олар бірге тұрып, бір-бірін жақсы көріп, тамаша өмір сүреді!

МЕНІҢ АУЫЛЫМ

Мен жай ғана жазды жақсы көремін! Жаз әрқашан өте қызықты, өйткені сіз достарыңызben аулада үнемі серуендеуге, әткеншекпен, биік сырғанақпен жүргүге, сондай-ақ балмұздак жеуге және салқын лимонад ішуге болады. Жазда ата-аналар балаларын үнемі демалуға бір жерге апарады, біреулер ауылға әжесіне барады, енді біреулері тенізге, көлге барады. Оқу жылы аяқталғаннан кейін бірден ауылға кеттім.

Шіркін, әркімнің ауылы өзіне ерекше ыстық қой. Менің ауылым өте әдемі ауыл деп ойлаймын. Мен ауылымды қатты жақсы көремін. Біздің Ақадыр ауылышында таулар, жап-жасыл жусаны аңқыған даласы, шағын өзенде бар. Ауасы қандай керемет!

Түннің бір уақытына дейін далада жүреміз, үйқы бір келмейді. Таңертең бірақ сергек тұрамыз. Ауылда бәрі бар: мектеп, балабақша, дүкендер. Ал ауылдың адамдары бір-біріне туыс, бауырмал келеді, аққөніл ерекше адамдар. Қаланың адамдарына ұқсамайды, өте қарапайым. Осы ауылда мен туып өскенмін.

Бастауыш сыныпта осы ауылда оқыдым, кейіннен үлкен ағаммен қалада әпкемнің қолында оқитын болып шештік.

Әр каникул сайын ауылға барамыз. Себебі ауылымызды қатты сағынып кетеміз. Менің ауылда тұратын әжем бар, сондықтан мен жаздың көп бөлігін ауылда, әжемнің қасында өткіземін.

Ауылда көбінесе үй тірлігіне көмектесемін. Менен басқа да бауырларым да анамызға үнемі қолғабысын тигізеді. Әкем жазда жұмыстарымен кетеді, сондықтан үй жұмыстары, анама көмектесу біздің мойыннымизда.

Менің ең кішкентай інім бар. Өзі сондай тәтті. Біз ағам екеуіміз қаладан келгенде, қатты секіріп қуанады. Біз де оны қатты сағынып қаламыз. Біз күн сайын таңертең тауықтарды тамақтандырамыз.

Әжемнің Пират деген иті бар еді. Ол өте ақылды және командаламен таяқ әкеле алады. Біз бауырларымызben қосылып Пиратпен аулада ойнаймыз. Ауламызда жеміс- жидек өсетін бақшамыз бар.

Күн қайткан соң бақшада жұмыс жасаймыз. Жеміс-жидектерді суарамыз, анамызға арам шөптерді жүлуға көмектесеміз. Шынын айтқанда ешбір бос

отырмаймыз. Сонымен қатар демалатын уақыт та табылады. Айта берсең осының бәрі мен үшін қызық десем де болады.

Осы жазда мен өте жақсы демалдым. Бос уақытымда көшеде көрші балалармен ойнап, велосипедке мініп серуендейдім. Менің достарым, сыныптас құрбыларым өте көп. Біз қаладан келгенде олар қатты қуанады. Мен достарыммен компьютерде ойнап, кітап оқыдым.

Теледидардан «Амфибия-адам» кино фильмін тамашаладым, маған қатты ұнады. Онда автор су астында тыныс алатын жас адам Ихтиандр туралы айтады. Түсінген адамға ауылда сондай қызықты.

Жазда міндettі түрде ата-анам бізді он күнге көлге дем алуға апарады. Биылғы демалысымда Балқаш көліне демалуға бардық. Біз бүкіл тату отбасымен теңізге барамыз. Анам мен әкем чемодандарын жинады, мен жолға қажет нәрсенің бәрін рюкзактарыма салып алдым.

Өзіммен бірге ойыншықтарды, жағажай шарын, су тапаншасын, бірнеше ай бойы жинаған ақшасы бар әмиянды және тағы басқаларды алдым. Менің рюкзагымның ауырлығы сонша, оны әрең көтердім.

Мен пойызға мініп, терезеден басқа ауылдарға, қалаларға, ормандарға, өзендерге қарағанды ұнатамын, содан кейін өзімді нағыз саяхатшы ретінде елестетемін!

Ал мен поезда тек жоғарғы сөреде ұйықтаймын. Таңертең ерте қалаға жетіп, Найзатас деп аталатын демалыс орнына орналастық. Демалыс орны Балқаш қаласынан 30 шақырым жердегі. Торанғалық елді мекенінде орналасқан.

Демалыс аумағында кинотеатр, кешкі би, теннис үстелі, балалар және спорт алаңдары, монша бар. Аумағы көгалдандырылған, күтімді және таза. Көл демалатын жерден 150 метр қашықтықта орналасқан, құмды жағажай екен. Скутерлер, банандар, парашюттер - жеке ақы үшін пайдалануға болады.

Анам мен әкем, әрине асықпайды, бірақ мен оларды үнемі асықтырып отырамын. Егер олар асықпаса, олар бүкіл демалысын ас үйде немесе теледидар көрумен өткізеді, мен оларды жақсы білемін.

Жағажайға барғанда өзіммен бірге өзіммен қажет нәрсенің бәрін аламын: доп және сұнгуір көзілдірік.

Мен бассейнге баратындықтан жақсы жүземін. Тез киімімді шешіп, дереу суға жүгіремін, ата-анамды құтпеймін. Таңертең су салқын, бірақ маған бәрібір, мен көлге келе сала жүгіремін және ұзак, ұзак жүземін, содан кейін арқаммен бұрылып, аспанға қараймын.

Мен ұзак жүзетінім сонша, бірде ата-анам мені көлден алып шығуға мәжбүр болды.

Жағалауда мен терезелері мен тас есіктері бар құм қамалдар салдым. Мен күнге күйгенді ұнатпаймын, жатып алып арқамнан ішіме бұрылу қызықсыз. Балқашта мен жаңа достармен таныстым және біз бірге деп және жағажайды су тапаншамен су шашып ойнадық, өте көңілді болды.

Мен көп жүземін, өйткені біз көлге күніне екі рет таңертен және түсте барамыз. Біз тағы да осы жерге оралу үшін суға тиын лақтырамыз, заттарымызды жинауға барамыз.

Кешкісін салқын болған кездे жағалауда серуендейміз. Ол жерде өте әдемі болды - шамдар мен ай жарқырап тұрды.

Барлық жерде кафелер мен дүкендер болды. Біз онда үстеліме қоятын ракушкадан жасалған кәдесый сатып алдық. Дүкендерден әжемізге сыйлықтар да алдық.

Менің Балқаш көліндегі демалысымның әр күні осылай өтті. Біз он күннен кейін ауылымызға қайттық.

Әңгімемді қорытындылай келгенде, менің осы жаздағы демалысым өте керемет болды деп санаймын. Өте әсерлі, қызықты сәттер көп болды. Сонымен қатар мен туған ауылымның көркейгенін, өскенін, гүлденгенін әрқашанда қалаймын. Себебі, ауыл мен үшін өте қымбат туған алтын бесігім!



**Жұмабек Нұрайым,
9-сынып
«Бауыржан Момышұлы атындағы ЖББМ» КММ**

АҚЫЛДЫ ШӘКІРТТЕР

ертеңі

Ертеде екі данышпан өмір сүріпті. Бірінші данышпан өз шәкірттеріне: «Көп құпияны танып-біліп, жұмбақты шешу үшін қындықтармен күресу керек. Шыңға өрмелеуде биік те қын асудан өтіп, қындықты жеңген ғана мұратына жетеді,» - деп ақыл айтады.

Ол өз шәкірттерін адам аяғы баспаған құзды шындарға апарып, биік асуладардан, тар соқпактардан өтуге үйретеді. Екінші данышпан болса шәкірттеріне: «Ақылды адам шыңға өрмелемейді, оңай жолын іздең табады,» - деуден жалықпайды.

Ол өз айтқанынан қайтпай шәкірттерін ертіп шынды жай ғана айналып жүреді: «Сабакты ине сәтімен,» - дейді. Олар сәтті уақытты күтіп жүргенде бірінші ұстаздың шәкірттері жолда кездескен барлық қындықты жеңіп, көп нәрсені үйреніп, тау етегіне де түсті.

Күндердің бір күнінде хан осы екі данышпанның шәкірттеріне тапсырма береді. «Ең биік асуда үш басты құбыжық бағып жүрген алтын жұнді, күміс тұяқты бір отар қой бар. Мен де өзімнің қазынамда сол қойдың болғанын қалаймын. Кім менің қалауымды орындаса, қазынамнан өмірінің соңына дейін жететіндей алтын беремін,» - дейді.

Еңбеккор шәкірттер дереу шыңға барып өрмелеп кетеді, жалқау шәкірттер қалай өрмеледің ыңғайын таппай айналып жүреді. Олар оңай жолын, сәтті уақытын табамыз деп жүргенде ақылды шәкірттер қойды алыш, таудың етегіне де жетеді.

Ұзақ жол мен кедергілерден шаршаған шәкірттер бұлақтың басында шөлдерін қандырғаннан кейін, көк майса шөптің үстінде ұйықтап кетеді. Осы сәтті пайдаланып, еріншек шәкірттер қойды ұрлап алыш, ханға апарып береді. Хан олардан қалай қол жеткізгендерін сұрағанда, бірден жауап бере алмай, әрқайсы әр нәрсені айтып әбден шатасады. Олардың бұл әрекеттерінен хан күдіктеніп, келесі данышпанның шәкірттерін шақыртады.

Олар жол қындықтары мен құбыжықты қалай жеңгендерін бірауыздан барлығы бірдей баяндаған береді. Хан шәкірттердің еңбекқорлығына риза болып өз уәдесін орындайды.

Екінші ұстаздың шәкірттеріне: «Еңбек мұратқа жеткізеді, жалқаулық пен өтірік ұятқа қалдыратынын естерінде ұстандар,» - деп ақылдың айтып, қайта окуға жібереді.

Бірінші ұстаздың шәкірттері хан берген қазынасына мектептер салып, өз тәжірибесін кейінгі шәкірттерге үйрете бастайды. Осылай ақылды шәкірттердің қатары көбейеді.



**Абдиразакова Айша,
5 сынып
«№21 НОМ» КММ**

ҚАРА ҚОЙДЫН КИХАЯСЫ

Біз тұратын жер Көксу ауылы деп аталады. Ауылымызда бес жүздей үй бар. Менің ата-анам Көкшетау қаласында тұрады. Үйде бес бала бар. Әкем - құрылышы, анам - тігінші. Ал әкемнің әке-шешесі ауылда тұрады. Сондықтан шығар, біз әке -шешемізben ауылға жиі барамыз. Ауыл десе жаным кіреді, себебі ауылдың шетінде шағын көл бар.

Жаз болса мен ауылға кеткім келіп тұрады. Ауылда апам мен атам тұрады, достарым өте көп. Ауыл деген жұмақ қой, шіркін. Көлге барып, балық аулаймыз. Күнге қыздырынамыз, далада ойнаймыз. Таза ауада тыныстап, орманда серуендейміз.

Ауылда балалар жазда үйге кірмейді, ертеден кешке дейін доп қуып, жаздың қызығына емін –еркін еніп, тіпті қалай өткенін де білмей қаламыз. Қала мен даланың айырмашылығы да осында.

Одан басқа әжемнің бауыrsaғы, құрт қосқан сорпасы, самауырмен қайнатқан иісі мұрынды жаратын шәйі, былқылдал кешке пісіріп қоятын еті – бәрі мен үшін ерекше. Ауылда сол күні көрші апайдың анасы қайтыс болды. Анам мен апам сол үйге қолғабыс етуге кетті.

Мен де қарап отырмай тамақ ішіп болып, көршіге көмектесейін деп кіргенім сол еді, досым алдынан шыға келді. Жаңыл апай біздің көрші. Сондай елгезек жан. Аузын ашса жүрегі көрінетін аққөңіл, әрі қолы ашық, жомарт адам. Үй- ішімізben араласамыз. Өсіресе Жаңыл апамның ұлы Болатпен менің достығым ерекше. Екеуміз түйдей құрдаспыз.

Анам алдынан шығып, келгенің қандай жақсы болды деп, маған істейтін жұмыстарымды тапсырды. Менің жұмысым досыма көмектесіп ағаш жару, самауырды қайнату.

Киіз үйдің іші адамға лық толған. Бәрі көршімізге көрісіп, жұбатуға тырысада, басу айтып жатыр. Бірі кіріп, бірі шығып жатыр, ығы-жығы халық.

Тұыстары да көп екен. Ең қызығы досыма көмектесемін деп, керісінше, сол үйдің адамдарына жұмыс тауып бергенім әлі есімнен шықпайды. Оқига былай болды.

Жаңыл әпкенің ағасы хабарды естіген бойда кідірместен ауылға жетіп, бата жасап, кешкі қонақасыға бір қой әкеп береді. Ол қойды Болаттың ағасы қораға қамайды, мақсаты сәл тынышып, тамақ ішіп алған соң соймақ боп шешкен. Арада шай ішіліп болған соң, ағасы қойды соймаққа пышағын қайрап дайындала бастайды.

Болат арқан ұстап, қойдың аяғын байламақшы болып жүгіріп келсе, қора ашық жатыр, ештеңе көрінбейді. Ал, керек болса. Бәрі абыр –сабыр. Қораға кім кірді, кара қойды кім көрді? - деп сұрақтың астына алды. Бәрі көрмегенін, қораға кірмегенін айтып ақталуда. Тек мен ғана үнсізбін. Себебі, қораға мен жарты сағат бұрын кіргенімді есіме түсірдім.

Қораға арқан іздең кіріп шыққанмын, бірақ қойды байқамаппын, ештеңе байқамадым. Күндіз болса да қора тым қараңғы болатын. Сөйтіп, қара қойдың шығып кеткенін де сезбеппін.

Бір кезде анам, үйдегілер бәрі абыр –сабыр. Мен сол күйі кешкі қонақасыға Болатқа еріп дастарханға керекті қант-май алуға дүкенге кеттім. Сол кезде қасымыздан қара қойдың зу етіп жүгіріп өткенін көріп, таң қалдым.

Себебі, әлі тал тұс. Қойлар бұл уакта өрісте. Қарасам, Болаттың ағасы бар, көрші балалар бар, бәрі жабылып әлгі қойды қуып, ұстай алмай әлек. Мен де оларға қосылдым. Содан не керек, әзер дегенде қара қойды бір сағаттай қуып, ең шеткі үйдің қорасына қаумалап кіргіздік. Сол қорадан ұстап, жетелеп үйге әкелді.

Болаттың ағасы оқиғаның мән-жайына бармай, бірден інісін кінәлады. Қатты дауысталап, інісіне ұрсып жатыр, қолын сермен қояды.. -Қораны неге жауып жүрмейсің? -Сен неге алды артынды байыптап, жұмысынды тиянақтап істемейсің? -Қашанғы сенің былығынды жауып, жөндеп жүргенім! - деп жаман ұрысты.

Мен не істерімді білмедім, кешірім сұрап шындықты айтудан қорықтым. Тіпті досымды тастап, үйге барып жатып алдым. Айтайын десем батылым жетпейді. Мен қанша жасырғанмен шындық бәрібір ашылады ғой. Өзімді дүниедегі ең жігерсіз, қорқақ адамның қатарына қостым. Солай болды. Сөйтіп, досымның үйіне сол күні қайтып бармадым. Бірақ та, Болат қораға менің кіргенімді білуші еді.

Әйткені, мені арқан алып кел деп өзі жұмсаған. Мен ұяттан жарылып кете жаздадым. Шынымды айтайын десем, Болаттың ағасы Жанаттан қатты қорқамын. Ол тіпті інісін бір –екі рет мытып, жылатып қойды. Сол түні қатты

жыладым, өзімнің жігерсіздігіме, досымды қын кезде тастап кеткеніме, шындықты айта алмай жасырғаныма налыдым.

Сонымен бұл оқиға да ұмытылды. Ал мен болсам өзімнің ең асыл досымнан айрылғаныма қапаланып, үйден шықпай қойдым. Өжем уайымдай бастады. —Қарағым, Дәрмен, сен неге үйден шықпай қалдың, ауырып қалған жоқсың ба?-деп асты үстіме түсті, кіріп-шыққан сайын бәйек болуда.

Қайтейін, апамды алдауга да тұра келді. Мені ауырып, салқындал қалды деп түсінген апам ет асып, тұз құрт қосылған сорпа беріп, менің арқамнан сылап- сипап, жылы жерге жатқызып ,әбден күтті. Қалай маужырап ұйықтағанымды білмеймін, ыстықтан тіпті терлеп кетіппін.

Апам мәндайымның ыстығын тексеріп түр екен. Алдыма кәмпитеттің тұртұрін үйіп қойыпты. Енді жата берудің еш мәнісі де қалмады, апамды әуресарсаңға салып қойғаныма да қысылып әлекпін.

Байқасам кеш қарайыпты. Содан келесі күні бірақ тұрдым. Өтірік айтумен өрге баспайтынымды енді түсініп жатырмын. Анам мен әкем Жаңыл апайға көңіл айтып, үйде бірер күн болды да, қалаға кетіп қалды. Себебі жұмыстары бар дегендей.

Енді тек атамның қасында жүретін болдым. Оған атам да мәз, енді қайтсін, мен оның сүйікті немересімін. Атаммен өзенге барып балық аулап, сол күнді қызықты өткіздім. Балаларды сағынып кеттім, әйтсе де, оларға қосылып ойын ойнауға досымнан қатты ұялып журмін. Бүгін тұс ауа үйге көрші тәтем өзі келді.

Маған әкелген тәтті –дәмдісі бар. Тәтем маған алғыс айтуға әдейі іздел келіпті. Ол кісі менің не бұлдіргенімнен хабары да жоқ. Қалай досым айтпады деп таң қалдым. Апам шай қойды. Әңгімелерін еріксіз теледидар көрген болып жатып тыңдал қоямын. Сөз арасында апам менің ауырып қалғанымды да айтып берді... Мен қысылып әлекпін.

Кім біледі, өмір осылай жалғаса берер ме еді, көршіміз әженің жетісін бермекші болып, дайындыққа кірісті.

Болат осы хабарды айтпақшы болып менің үйіме келді. Маған ол есейіп кеткендей болып көрінді. Үйткені, ол әжесімен бірге ұйықтайтын.

Ол маған еш кінә тақпастан, әжесінің басына барғысы келетінін, қатты сағынғанын айтты. Екеуміз аяңдал апасының басына келдік. Ол көп жылады.

Осы оқиға маған қатты әсер етті. Шын достың қадірін сездім. Сондықтан да, балаларға айтарым, ешқашан өтірік айтпандар. Өмірде шын досты табу өте қын.Доссыз адам тұзыз ас секілді. Сол күні бар батылдығымды жиып, досымнан өзім кешірім сұрадым.

Қысылғанда жанынан табылмағаным, шындықты жасырғанымда қатты өкінетінімді айттым. Кеш түсінгенімді,көп ойланғанымды, неге осынша өзімшіл

болғанымды түсінбеймін. Қатемді кеш те болса түсініп, кешірім сұрағаннан кейін женілдеп кеткенімді сездім. Иа, неше күннен бері иығымды басып жүрген қайғы лезде жоқ болып кетті. Ал, Болат нағыз жігіттік істеп, ол туралы жүмған аузын да ашпады.

Тек мен саған ренжімеймін, білемін, бәрін де білемін, ештеңе де етпейді, сен әдейі істеген жоқсың, -деді. Өзім де кіналімін, саған алдын-ала ескертуім керек еді,- дегенде, арқамнан жүк түскендей болды-ау! Сөйтіп, енді ешқашан өтірік айтпауға серт бердім.

Ал ауылға әр демалыс сайын баратын болдым. Болат досым тамыздың аяғында менімен қимай қоштасты. Кім біледі, егер сол жолы мен оның орнында болғанда, дәл Болаттай кіслік таныта алар ма едім. Оның бейнесі мен үшін биіктеп сала берді. Мен енді әр нәрседе Болатпен ақылдасатын болдым. Екі жылдан кейін Болаттар басқа ауылға көшіп кетті.

Мен досымнан хабар ала алмадым.

Содан бері оны іздеудемін. Бұндай балалар жолда қалмайды. Көресің, ертең- ақ Болаттың бір үйдің басшысы болып, бір ауданды басқарып отыратына еш күмән келтірмеймін. Одан бері қаншама достарым болды, бірақ дәл Болаттай жақындастырып кете алмадық. Қайда жүрсөң де, аман жүр досым. Мен сені мәңгі жадымда ұстаймын. Ерте ме, кеш пе, біз әлі кездесеміз.



**Мағжан Болатбеков,
6 сынып
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-
гимназиясы»КММ**

АЙ МЕН КҮН

Бұрынғы заманда Ай мен Күн дос болыпты. Олар күнде бірге ойнайды екен. Олар саяхат жасағанды ұнатады екен. Олар бүкіл қала, ауылда болыпты. Бір күні Күн ғарышқа ұшқым келеді депті, Ай да ғарышқа ұшуға келісіпті.

Олар бір жыл бойы дайындалып барлық керек затты алады да ғарышқа аттанады. Ғарышқа жетсе ол жақта барлық жер қараңғы екен.

Екеуі ол жерді ұнатыпты, бірақ уақыт келгенде ғарышпен қоштасып жерге қайтайын десе ғарыш оларды жібермейді.

Ғарыш сендер осында дүниеге келгенсіндер, ғарышта қауіпті зат болған соң екеуінді жерге жібердік. Бірақ біз сендердің қайтып келетіндерінді білдік, енді екеуіне бір шартым бар.

Ай сен жерге тұнгі қараңғылықта жарық беруің керек, ал Күн сен күндіз жарық бересің депті. Содан бері Күн жерге шуак береді, ал Ай болса тұнгі қараңғылықта жарық береді.

ФЛЕШКА БАЛА

ертегі

Бекжан ата-анасымен ауылға ата-әжесінің басына құран оқытуға барады. Ойнап жүріп жертөледен құпия сандықты тауып алады. Ешкім оны бұрын көрмеген. Білмеген. Тек ауылдағы жұз жасар әже Періайымға апарады. Құлпы ашылмайды.

Әже: - Мен естігенмін бұл сандықты қалай ашылу керектігін. Ай толған кезде жасы ең үлкен ауыл тұрғынының мәсісімен ол сандықты үш рет тықылдату керек. Сонда ашылады.

Бәрі жиналып, әже айтқандай айнытпай істейді. Сандықтың ішінен қоладан жасалған тірі баланың көлеміндегі қоладан жасалған мұсін шығады. Оның шанын қағып сұртеді.

Дауласа бастайды. Әкесі мұражайға тапсырамыз дейді. Анасы көне зат сатып жіберейік дейді. Олар дауласып жатқан кезде бала мұсінді көтеріп алыш, орманға қашып кетеді.

Көпірден өтіп бара жатқанында мұсін суға түсіп кетеді. Су терең емес көрінген соң, Бекжан құтқармаққа суға кіріп кетеді. Сөйтсе ол мұсін емес, кәдімгі тірі бала еken. Сыртқы киімі ежелгі замандағы сәнге сай, сөйлеу тілі көнерген қазақ тілінде еken.

Тазша бала: -Ебедейсізім -ау, су қылдың ғой!

Бекжан шошып кетіп, алды артына қарамай бас салып қаша жөнеледі. Тазша артынан қуады. Бекжан құлап қалады. Қайта тұрып жан ұшыра жүгіреді. Тазша бала: - Әй, кегір, тоқта!

Бекжан: - Мен кегір емеспін, Бекжанмын. Сен қалай тірілдің? Қоладан жасалған мұсін едің ғой.

Тазша бала: - Жоқ, мен Тазша баламын. Мені жалмауыз кемпір сиқырлап тастаған еді. Қолаға айналдырып. Сен мені құтқардың. Рақмет! – деп қолын кеудесіне қойып иіліп алғысын білдіреді де – Неше жастасын Бекежан? деп сұрайды.

Бекжан: - Бекежан емес, Бекжан!. - Сасқанынан: - Он үштемін. Оныншы мамыр, екі мың бесінші жылды тудым.

Тазша бала: - Мен соншама ғасыр бойы мұсін болып жатыппың ба?- деп басын ұстайды.

Бекжан: - Сен сонда қай жылғысын?

Тазша бала: Көкек айының екінші аптасының соңында 418 хижрада тұдым.

Бекжан айфонын алғып, гуглдан хижра мен біздің күнтізбені салыстыра бастайды. Калькулятормен есептей бастайды.

Бекжан: Сен сонда 1818 жылы туылышын. Бір ғасыр, 84 жыл толыпты ғой саған, мен шығармасам екі ғасыр болар еді.

Тазша бала айфонды көріп қалады.

Тазша бала: - Сен де сиқыршы екенсін ғой! – көңілі түсіп ренжіп кетіп қалады. Бекжан тоқтадады.

Бекжан түсіндіре бастайды: - Бұл қондырғыны адам ойлап тапқан. Темірден жасалған. Микросхемасы бар.

Тазша бала тоқтап, балаға қарайды.

Тазша бала: - Мен сенің тілінді түсінбей тұрмын. Қыпшақ тіліне дымда ұқсамайды.

Жол бойында Бекжан ақырындал түсіндіре бастайды.

Бекжан: - Бұл – Дешті Қыпшақ емес, Қазақстан Республикасы. Мұнда хан емес, президент басқарады.

Тазша бала: - Президент деген латын сөзі ғой.

Бекжан аузы ашыла таңырқап, құлап қала жаздайды.

Бекжан: - Сен қайдан білесің?

Тазша бала: - Неге білмеймін. Әлемде әллада, латын, славян, цин тілі, маңғол тілі және біз сөйлеп жатқан қыпшақ тілі бар.

Бекжан: - Даұрыс қой, бірақ саған бұл қайдан белгілі?

Тазша бала: - Неге белгілі болмау керек. Пұшайман болған Сенгір шопанның өзі бұны біледі. Бізде Жібек жолы бар ғой. Жібек жолымен ары-бері өткен жүртты білеміз. Неге білмеске?

Бекжан Тазша баланы мықтап тұрып білегінен ұстап алғып, үйіне қарай жүгіреді. Оны тарихшы әкесіне көрсетпекке асыгады.

Бекжан: - Тазша бала, сен вундеркиндсің! Мен сені енді Флешка бала деп атایмын!

Тазша бала: - Вундеркинд деген не, блешка деген не?

Бекжан: - Жол-жөнекей көрсетемін. Айтпақшы, киімінді де ауыстыру керек.

Тазша бала су болған киімдерін жайып, малдас құрып қойып әңгімесін айта бастайды. Бекжан оған сөмкесінен алғып, пепси мен чипсы ұсынады.

Тазша бала дәмін көріп, түкіріп тастайды да: - Мынау не бламық?

Қалтасынан құрт пен ірімшік, торсықтан қымыз алғып шығады. Бекжан ішкісі келмейді.

Бекжан: - Мерзімі өтіп кеткен шығар? Қалтанда қанша ғасыр жатты екен?

Ауылдың шет жағы. Әкесі мен анасы Бекжанды көлікпен іздең жүр. Полицей де қастарында жүр.

Анасы терезеден айқайлад: - Ауылдың ар жағынан іздеңіз! Не біздің қасымыздан қалмай жүрсіз. Өй, мына жүгірмек қайда кетті өзі?

Кенет көрші әйел хабарласып қалады.

Көрші әйел: - Келді балаң, келді!

Машиналар артқа бұрылады.

Жер үйдің жайлы тапшаны. Бекжан Тазша балаға шай беріп жатыр. Тазша бала айфонды ұстап отыр.

Тазша бала – Мынау сиқырлы кітапшаны қай кезде қолданасындар?

Бекжан: Керек кезде... Шындықты айтсам, бұл затты ойлап табуын ойлап тапты. Алайда нақты қай жерде және нақты қашан қолдану керектігін әлі ойлап таппапты... Сондықтан, жастар осыны шұқылап тым көп уақыт өткізеді...

Тазша бала: Осы сендердің естерің сау ма өзі!? Егер қашан және қай кезде қолдануды білмесендер, онда НЕГЕ ол затты ойлап таптындар!? Оның үстіне, ол затты жасау соншама күрделі болса! Түсінбеймін! Жалпы, менің сұрағым келгені, сендер Асан Қайғы іздеген Жерүйықты тауып қойдындар ма?

Бекжан: Жерүйық бұл әлемде жок. Алайда әр ел өзінің мемлекетін барынша дамытып жатыр... сәл де болса Жерүйыққа ұқсас болсын деп... әрине, әр ел әрқалай әдістермен дамып жатыр. (деп кітаптарды көрсетті)

Осы кезде машина есік алдына келіп тоқтады. Тазша бала шудан шошып жалма-жан тапшаның астына жасырынып қалды.

Бекжан: - Шық, шық! Қорықпа, ол өзі жүретін арба! Атсыз жүретін арба!

Тазша бала: - Астапыралла, Мөңке би айтып кеткен Атсыз жүретін арба ма!?

Демек, ақырзаман жақындал қалыпты!

Бекжан: - Қандай атсыз арба?

Тазша бала: - Сен не білмейсің бе, Мөңке би атсыз арбаны болжап кеткендігін!?

Бекжан: - Міне, ол туралы кітап! Біз мектепте өткенбіз. Біріншіден, Мөңке би емес Майқы би, екіншіден ол жақта ақырзаман, емес жай ғана сәл қындау заман делінген. Міне, оқулықта сөйтіп тұр!

Тазша бала: - Мынау славян әліпбіі қой!

Бекжан: - Жақын арада біз латын әліпбііне көшеміз!

Тазша бала: - Ал араб әліпбіі қайда?

Бекжан: - Ол әліпбиді қолданбаймыз қазір біз! Оқысақ, түсінбейміз де!

Бекжанның әкесі мен анасы келді.

Анасы: - Ой, онбаған бала! Біз сені екі сағат бойы бүкіл ауылдан ізdedік!! Қайда жүрдін!

Бекжан: - Мен орманда адасып кеттім... Ал мынау... Тазша бала танысып қойындар! Оны Тілекбек десендер де болады! Тазша бала тіріліп кетті!

Әкесі: - Қазір көреміз! Тірілгенін, ал, балақай, қырық өтірікті төрт минуттың ішінде айтып шықшы!

Тазша бала айтып берді.

Әкесі: - Енді екінші сынақ – саусағынды әкелші! (колынан қанның анализін алды) Енді зертхана көрсетеді, сенің шын мәнінде кім екеніңді! Артист десе!
Тазша бала - ол аңыз, ертегі! Өмірде болмаған!

Зертхананың нәтижелері шықты.

Әкесі: - Мүмкін емес! Бұл - ғылымға белгісіз геном!!! Бірақ, бұл қателік болуы да мүмкін ғой. Анау Тілекбектен тағы да анализді алу керек. Астанадан экспертердерді шақыру керек!!! Жоқ, біз өзіміз Астанаға бару керекпіз!



**Несипбекова Адина,
7 сынып
«№25 ЖББМ» КММ**

ҚАЙДАСЫН, ЭЛИЯ?

Әңгіме

Күннің көзі жарқырап, асыға құткен жаз келді. Мектептегі сабак та аяқталып, көптен құткен жазғы демалысымыз басталды. Жазбен қатар келер демалысқа қуанбайтын бала жоқ шығар. Мен де жазғы демалысты жыл сайын асыға құтемін. Біз отбасымызben жазда Алакөлге барамыз. Биыл да Анам екеуміз куана жүріп, жолға дайындалдық.

Дүкенге барып, тәтті-дәмді, ішетін сусын сатып алдық. Зиянды тағамдардың денсаулыққа зиян екенін білсем де, Анама қызылшып, Coca-Cola сусынын, чипсы, қуырылған шемішке алдырттым. Жолға манты мен пицца, құлпынай қосылған тәтті бәліш пісірдік. Ең бастысы сенімді серігім саналатын сүйікті кітабымды салдым. Өз басым кітап оқығанды жақсы көремін. Кітап менің сенімді досым.

Сырымды айтатын сырласым да, білмегенімді үйрететін ақылшым да, ешқашан сатпайтын адал досым да – кітап.

Жауабын таппайтын сан жұмбақтың шешуін де кітаптан табамын. Сондықтан да кітап оқу сүйікті ісім.

Сөйтіп, таңертең вокзалға келіп, Алакөлге жүретін пойызға отырдық. Сол бір тәулік жол ұзақ болып, жеткізбей қойды. Вагон іші қатты ыстық болғанымен, ішінде желдеткіш қосқан соң, ыстықтамай, салқын ауамен жақсы жеттік.

Жол бойы жазирадай кең даламды сүйсіне қызықтаумен болдым. Қатпар-қатпар белдері, ой-қырлары вагон терезесінен артымызда қалып жатты. Біздің тамылжыған табиғатымен тамсандыратын Сарыарқа жері керемет болғанымен, Алакөлдей ғажап көл жоқ. Алакөл еліміздегі ерекше, керемет көл. Жыл сайын бара бергіміз келеді. Мен Алакөлге тезірек жетсек екен деген оймен ұйықтап қалдым.

Ертеңіне кешкі төрттен аса Жалаңашкөлге келдік. Таксиге отырып, Алакөлге де жеттік-оу! Өзіміз ұнататын «Ақжелкен» демалыс үйіне

орналастық. Екі қабатты, бөлмелері кең, таза, ішінде туалет, души бар, жағдайдың бәрі жасалған.

Заттарымызды орналастырып, астына түсіп, кешкі асымызды ішіп, көл жағасына келдік. Айдыны жарқыраған айнадай қасиетті Алакөл бізді құшақ жая қарсы алды. Алакөлдің кереметін айтып тауысу мүмкін емес. Оның тұзды сұыденсаулыққа пайдалы, балшығы емге дәрі саналады.

Ертеде аңыз бойынша Шыңғыс хан жарапанған жауынгерлерін Алакөлге емдеткен деген аңыз бар.

Кеңес Одағы кезінде бұл көлге ғарышкерлер түсіп, емделген. Судың құрамында минералдардың бәрі болғандықтан, денсаулыққа пайдалы. Өз басым суға шомылғанды жақсы көремін. Алакөлдің сұын да, көл жағасындағы Арбатты да ұнатам.

Көл жағасында тұзды ауамен тыныстап, демалған қандай ғажап! Анам екеуміз кешкісін жағажайжа қыдырып жүріп, көл жағасында ойланып тұрған қызыбаланы кездестірдік.

Екі бұрымы өрілген, қараторы келген қызы бізге құлімдей қарап, «Сіздер бүгін келдіңіздер ме?», - деп сұрады. «Иә» деп, жауап беріп, екеуміз танысып алдық. Оның аты – Әлия, жасы он екіде, менімен құрдас болып шықты. Мінезі ашық, көңілді қызбен тезірек тіл табысып, екеуміз достасып алдық.

Енді демалысымыз көнілді өтетін болды деп, екеуміз де мәзбіз. «Мен Анаммен келдім, сен ше?» - деп сұрадым Әлиядан.

Бұны естіген Әлия мұңайып, жанары жасаурағандай болды. «Мен әжеммен келдім. Әжем демалып жатыр. Ал менің Анам жоқ» деп мұңая жауап бергенде, жаман сезімде болым. «Кешірші, мен білмедім ғой...» - дей бастап едім, «Ештеңе етпейді.

Мен мұндай сөздерге үйреніп алғанмын. Сен жақсы қызың, түріңнен көрініп тұр, аландама, бәрі дұрыс. Одан да кеттік, мені қуып жет» деп Әлия алдымызды түсіп, жағалау бойымен зыр жүгіре жөнелді.

Әлия екеуміздің таныстығымыз осылай басталды. Өзі суда балықтай жүзеді екен. Екеуміз суды шопылдатып, бір-бірімізге шашып ойнадық. Жапжасыл көл бойымен жарыса жүзіп, құнімен судан шықпадық.

Бізге әсіресе көл бетіне көтерілген бұйра-бұйра толқындарды тамашалаған қатты ұнады. Бірін-бірі қуалай тербелген толқындар көл бетінен шапшып, көкке көтеріле, тулағандай болып, бұлқынады.

Бұлыға, қайтадан кері құлап түсіп жатқаны керемет сезімге бөлеп, ашуланған көлдей көрінеді. Желді құні тулаған асау толқындармен ойнағанды қызықтап, буырқана-көтерілген толқын астына тұрамыз.

Аспанға көтерілген толқынмен шыңғыра секіріп, асау толқынның бізді аяусыз жағаға лақтырғанына мәз боламыз. Тасыған толқынмен ойнағанды

ересектер де ұнатады. Толқын тулаған күні жағажай балалар мен ересектердің шуылдаған, шыңғырған үніне толады.

Көлдің шетіндегі толқындармен таласа-ойнап, асау толқын бізді балықтай лақтырғанда, жағалауға бір-ақ ұштық. Жиегіндегі ірі тастарға соғылып, аяқ-қолымызды жарақаттадық. Ауырсынсақ та, қыңқ етпей, қайтадан толқын қуалап кеттік.

Алакөлдің құрамында барлық минералдар бар. Сондықтан да оның сусының емдік қасиеті мол, денсаулыққа өте пайдалы. Толқын биікке көтерілгенде, судың астындағы минералды тастарды қатты екпінмен жағаға атады. Жылтыраған тастардың үйіле түсіп, астыңғысын қайтадан көлге лақтырғаны керемет көрініс.

Әлия екеуміз жағаға лақтырылған минералды тастардың ерекше, әдемілерін теріп алдық. Жинаған тұзды тастарды бір бөлек, минералдарын бір топқа, балшықты тастар мен әртүрлі түстілерін бір шетке жиыстырып, олжамызды іріктелдік. Табигат деген керемет екен, арнайы моншаш тізуге арналғандай тастардың біразының тесіктері бар. Оларды жілкө тізіп, қолға киетін білезік пен мойнымызды алқа жасадық.

Бір-бірімізге естелікке тастан тізілген алқа мен білезік сыйладық. Қалған тастарды қасиетті Алакөлден естелікке, қаладағы достарымызды, туыстарымызды апару үшін сақтап қойдық.

Толқын жоқ құндері, суға түсіп, денемізді сергітеміз. Судан шыққанда, қунге қыздырынып, Анам айтқандай «Д» дәруменін «қабылдаймыз».

Кешкісін күн қайтқанда Анам, Әлия мен оның әжесі, мен төртеуміз жағалау бойында көлдің тұзды таза ауасымен тынысталап, асықпай жүріп қайтамыз.

Жағалаудағы Арбатқа барып қыдырамыз. Карусельдерге мініп, түрік балмұздағын жейміз. Әрине, Әлия екеуміз әңгімелесіп, сырласамыз. Әлия маған Анасын қатты сағынғанын, Анасыз өмір сүрудің киындығын айтты. Мен Әлияны құшақтап, мұңаймауын өтіндім. «Әлі өсесің, оқисың, арманыңа жетесің» - деп, оның көңілін көтердім.

Әжесіне еркелеген, жүргегіне Анаға деген мәңгілік сағыныш ұялаған, ақжарқын Әлияны кейде қалай жұбатарымды білмедім. Жазықсыз балаларды ен жақын жаны – туған Анасынан айыратын тағдырға қарсылық таныттым. Бірақ мениң қолымнан түк келмеді.

Әлияны өзіме жақын тартып, оны қуантуға тырыстым. Анаға деген мәңгілік сағынышы менің жанымды ауыртты. Алладан Әлияға бақыт тілеп, оның көңілінің түспеуін тіледім.

Әлияның Анасы ауырып қайтыс болған, өзі ата-әжесінің еркесі. Өгей анасы бар, қатыгез адам. Әлияны жақтырмай, қара жұмысқа салып, сабақтан

соң базарға шемішке сатқызады екен. Анасының тірі кезінде сабағын үздік оқыса, қазір үлгерімі тәмендеп кеткеніне қиналатынын айтты. Тезірек өсіп, жұмысқа тұрып, ата-әжесімен бір үйде тұруды армандауды.

Анасымен бірге өткен күндерін арманда, бір сәтке көзіме көрінсе ғой, одан басқа ештемені армандамас едім дегені жүрегімді ауыртты. Жазғы демалыста әжесімен Анасы бар кезде бірге келетін Алакөлде демалады екен. Суда жүзуді де Анасы осы Алакөлде үйреткен, сондықтан Анасына ұнаған Алакөл жүрегіне ыстық.

Мен Анасын сағынған Әлияға қамқор болғым келді. Екеуміз бір үйде өссек қой деп армандағым. Мектеп бітіріп, бір оқуға түсейік деп жоспарлап та қойдық. Әлия маған «Сендей адал қыздар өте аз, сен маған ұнадың, екеуміз мәңгі дос болайық», - деді.

Мен де Әлиядай құрбым болғанына қатты қуанып, екеуміз сөз берісіп, мәңгі достар атандық. Жылда Алакөлде кездесіп тұруға уәделестік.

Әлиялардың демалысы аяқталып, Алматыға қайтатын кез де келді. Мен оны қимастықпен шығарып салдым. Телефон нөмірлерімізді алғып, хабарласып тұруға келістік. Әлияның мұнды жанары, жылаумен өтіп жатқан күндері кез алдыннан кетпей қойды.

Әлияның өсіп, ержетіп, ауыр күндердің артта қалатынын білемін. Ол өте ақылды, алдына қойған мақсатына жететін бала. Мен оның бақытты боларына сенемін. Себебі Әлиядай жаны нәзік, ешкімге жамандық ойламайтын, әдепті бала арманына жетуі тиіс.

Біздің де демалысымыз аяқталып, Қарағандыға қайттық. Әдеттегі күндеріміз өтіп жатты. Екеуміз екі жаққа ажырасақ та, достық байланысымыз үзілмеді. Телефонмен сөйлесіп, сырласып жүрдік.

Ол біреуге ренжісе, маған хабарласатын еді. Екеуміз сырласып, көңілін көтеретін едім. Ол мұңайса, мен де көңілсіз жүретінмін. Осылайша достығымыз жарасып, жақын араластық.

Бір күні Әлиядан хабар болмады. Оның нөміріне хабарласа алмадым. Телефоны сөндірүлі, жауап бермеді. Содан бастап, арадағы байланыс тоқтады. Хабар үзілгенімен, менің оны көрем деген үмітім үзілмеді. Осылайша Әлиядай асыл досымнан ажырап қалдым.

Бар үмітім бізді табыстырған Алакөл жағалауында еді. Бізді кездестіретін жазғы демалысты тағатсыздана күтіп, әр күнді санаумен өткіздім. Алакөлде Әлиямен кездесетініме сенімді едім.

Сол арманмен көптен күткен жазға да жеттік. Құрбыммен кездесемін деген ойдың жетегінде Алакөлге де келдік.

Жағалау бізді әдеттегідей құшақ жая қарсы алды. Бұрынғы сол жағалау, көгілдір көл, шуылдалп асыр салған балалар, ештеме де өзгермеген. Тек сол

жағалауды жағалаған балалар арасында менің досым ғана жоқ. Алакөл де Әлиясыз жабырқаулы сияқты көрінді.

Бұрынғыдай толқыған асау толқындар жоқ, олар да басылып, бұйра-бұйра болып жайымен тербеліп жатыр. Көл де менімен бірге Әлияны сағыныш, жабыққандай. Көл де көңілсіз, менің көңіл-күйімді түсінгендей. Достығымыздың күәсі Алакөлге сырымды актарып, құрбыма деген сағынышымды айттым. Қанша күн күтсем де, Әлия келмеді. Кездеспеді. Екеуміздің достығымыз басталмай жатып, аяқталуы тиіс емес. Достыққа адаптан, мені ұмытуы мүмкін бе?

Күндердің күні кездесерміз деп үміттенемін. Жақын адамдар бір-бірінен алысқа кетсе, жүректің жылайтынын сездім. Мен досымды жоғалтып алғаным қатты қиналып жүрмін. Ал Анасынан мәнгіге айрылған Әлия қалай жүр екен?! Оны ойласам көзіме жас келеді.

Оған қын болды-оу...Анаңнан артық бақыт жоқ деген сөзін есімнен шығармай келемін. А намды құрметтеймін, бағалаймын, амандығын тілеймін! Анасы бар адамдар шынымен бақытты ғой! Әлияның да тәтесі өзгеріп, барлық Анадай мейірімді болып, қамқор болса екен.

Жылатпаса екен, бала жүрегі нәзік қой, ұрса берсе, жақтырмаса, қиналады ғой. Адамдар, әсіресе жақын адамдар қатыгездік танытпасыншы. Әлияның айналасында жақсы адамдар кездесіп, мейіріммен өсуін тіледім. Біздің он күн ғана таныс болып, достығымыз телефонмен жалғасса да, оны көптен танитын сияқтымын. Ол да мені жанына жақын тартты. Әлия шынайы достықтың қандай болатынын көрсетті.

Сырынды айтып, ойынды актаратын адамға кім жетсін! Сырласып, арманымызды бөліскең сәттерді ешқашан ұмытпаймын. Телефоны жоғалып, нөмірі ауысып кеткен болар, бастысы Әлия аман болсыншы. Ол бір күні маған хабарласып, оның сыңғырлаған үнін естімін деген ойдамын. «Уақыт емші» дегендей, уақыттың емдемейтін жарасы жоқ, ол күн де туар. Мен қазір Әлиямен өзімше сырласамын. Достық сағынышымды басар деп сыр-дәптер бастадым. Өзімді мазалаған ойларды, жан сырымды дәптердегі Әлияма шертемін.

Әлі-ақ Әлиямен кездескенде осы сыр-дәптерді көрсететін боламын. Ішімдегі жан сырым актарылса, Әлия табылардай, жарқ етіп көзіме көрінердей болады. Білесің бе, сезесің бе, мен сені сағынып жүрмін, Әлия?! Сені уайымдал, қиналмады ма деп, ауыр ойда жүрмін, Әлия!

Ең бастысы, сен аман болшы! Мен сені сағынудан шаршамаймын. Жазда Алакөлге барып, тағы да сені күтемін...Сонда кездесерміз, ә! Өмірдің бар қыындығынан оңай өтші, Әлия! Саған мұңайған жараспайды, қайда журсен де, күлімдеп жүрші, Әлия! Аман болсан болғаны! Қайдасың, Әлия? Хабарласшы...



**Оспанова Дарина,
7 сынып**

«Бауыржан Момышұлы атындағы ЖББМ» КММ

КӨКТЕМ

Әңгіме

Көктем- жыл мезгілдерінің ішіндегі ең әдемі, ең сұлу, ерекше мезгіл. Көктемде табиғат ана оянып, бүкіл тіршілік иелері жаңадан бастау алады. Құн жылдынып, қар еріп суға айналып, жылға-жылғамен жылжи ағып, үлкен өзендерге айналып, сарқырап ағады.

Жер ана бусанып, алғашқы көк те шыға бастайды. Жас ағаштар бүршік жарып, қырда бәйшешектер өседі, таулар да жасыл желекке оранады. Жылы жақтан әр түрлі құстар ұшып келіп, аспанда қалықтап, табиғаттың тамаша құбылыстарына бізді тәнті етеді.

Көктемде жан-жануарлар, құрт-құмырсқалар қыскы үйқыдан оянып, адамдар да сергіп, қыстан аман-есен шыққандарына тәуба қылышп, тіршіліктерін әрі қарай жалғастыруға кіріседі.

Айналаның бәрі құлпырып, табиғат түрлі түске бөленеді. Құн жылдынған соң, тазалық апталары басталады. Ағаштар отырғызылып, гүлдер егіліп, айналамыздың бәрін көріктендіруге адамдардың бәрі атсалысады.

Көктемнің үш айы да қызықты мерекелерге толы және осы айларда болатын құбылыстар маған өте ұнайды. Құн ұзарады, құрбыларыммен таза ауада серуендейтін уақыттың көбейеді. Ең бастысы көктем наурыз айынан басталады. Бұл айда мерекелер өте көп.

Сегізінші наурызда аналарымызды, әжелерімізді, ұстаздарымызды, әпкелерімізді құттықтап, халықаралық әйелдер күнін атап өтеміз.

Жиырма екінші наурызда Ұлыстың ұлы күні-Әз Наурыз мейрамына үлкен мән беріп, бүкіл мұсылман қауымы тойлайды. Сөуір айы мен мамыр айындағы мерекелер де өте қызықты және мағыналы.

Қасиетті жер-ана бусанып, міне, туған жеріме тағы да бір көктем келді. Бұл- менің он үшінші көктемім. Қандай керемет! Биылғы көктем мен үшін ерекше болды. Кішкентай сіңілім бар, үйде күнде қуаныш, шат күлкі. Осы көктемде біздің үйге Балқаш қаласынан жеңешемнің ата-анасы, яғни, біздің

үйдің құда-құдағилары қонаққа келетін болды. Ата-анам ол кісілерді құтіп алуға жақсылап дайындық бастады.

Ұлыстың ұлы күні - Әз Наурыз мерекесі қарсаңында келетін болғандықтан, қандай ұлттық тағамдар әзірлесек болады деп, анам мен жеңешем ақылдасып, тамақ дайындау қамына кірісті.

Анама әжемнің: - қазақ құдасын құдайындей сыйлаған, мынау көктемде «ұзынның қыскарып, жуанның жіңішкерген шағы», сондықтан құдаға арналған сыбағаны төре табақ етіп асып, сарқытын алдын ала сайлап, дайындал қойғаның дұрыс деп айтқаны мен үшін қызықты әрі мағынасын түсіну қын болды. Мен айтылған нақыл сөзді түсінбей әкемнен жөнін сұрадым.

-Әке, «ұзынның қыскарып, жуанның жіңішкергені» дегенді қалай түсінемін, не мағына береді?- деп сұрадым. Сонда, әкем: -Е, е, е, атабабаларымыз дәмнің қасиетін білген ғой, сондықтан ол кісілердің денсаулығы мықты дәрумендерге толы болған. «Ұзынның қыскарып» дегені, тұн қыскарып, құн ұзарады дегені, яғни адам ағзасы құн ұзарған сайын тамақ ішуді қалайды, ал, «жуанның жіңішкергені» дегені, ол соылған соғым етінің кеүіп, сұрленіп, еттің азайған шағын айтады деп түсіндірді.

Жас сорпа ішуге қыстан шыққан мал союға келмейді, жас төл әлі есеймеген, сондықтан соғым еті біткен шақты айтады,- деп түсіндірді.

Маған одан әрі дастархан басындағы әңгіме ұнай түсті. Себебі, анам жеті түрлі дәмнен наурыз көже жасаудың жолдарын айтып жатқан еді. Құдалар келгенде «Ақ мол болсын, қайда барсан жол болсын» дегендей, ақ ниетпен жеті түрлі дәмнен наурыз көжені жасаған құдаларға ұлken құрмет деді.

Асқан сұр етіңнің сорпасын сұтып, қайнап піскен бидай дәніне қара құрт езіп қосып, ақ қатықты сорпаға езіп, мөлшерлеп тұзын салып, етіңнен шағындал алып, жіңішкелеп турап қоссаң дәмі ауыз үйіретінін айтқанда, шынымды айтсам, көзіме елестеп, сілекейім шұбырды.

Анамнан неге жеті дәмнен көже жасалатынын аса қызығушылықпен сұрадым. Сонда анам, қазақ халқында жеті саны аса қасиетті екенін асықпай түсіндіріп берді.

-Тыңда, балам, көшпелі халық үшін, әрине, бұдан артық қасиетті аспан шырағы бола ма,- деп бастады сөзін. Қазақ халқында «жеті шелпек» деген ұғым бар. Үлкендер бір нәрседен қауіп қылса, үрейленсе, болмаса жайсыз жатып, жаман түс көрсе, жеті нан – жеті шелпек пісіреді.

Жеті нанды қасиетті жұма күндері, сәрсенбінің сәтіне пісіріп, жеті үйге таратады. Алушы: «Қабыл болсын», - дейді, таратушы: «Әумин!» – деп жауап береді. Жеті нанды таратып болғаннан кейін: «ата-бабаларға тие берсін» деп ауыз тиіп, әруақтарға арнап аят оқып, бата қылады. Оқылған батаның ризығы да мол болар, балам»- деп анам сөзін аяқтады..

Жеті күн: Бұғін, ертең, бүрсігүні, арғы күні, соңғы күні, азна. Дүйсенбі, Сейсенбі, Сәрсенбі (сәтті күн). Бейсенбі, Жұма (қасиетті күн). Сенбі, Жексенбі. Жеті ата:ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене. Жеті ғалам: күншығыс, күнбатыс, тұстік, терістік, аспан – жоғарғы ғалам. Жер – орта ғалам.

Жер асты – төменгі ғалам. Мінеки, балам, «жеті» туралы ары айтсам, деп анам сөзін жалғап кетті. Жеті жоқ: аспанды тіреуіш жоқ, жерде өлшеуіш жоқ, тасбақада талақ жоқ, Аллада бауыр жоқ, құста сүт жоқ, жылқыда өт жоқ. Жеті қазына: ер жігіт, сұлу әйел, ақыл білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, жүйрік тазы (ит).

Міне, осындай «жеті» деген санның қасиеті бар, -деп анам сөзін аяқтады. Менің кірпік қақпай тындағаным дастархан басындағы отырған адамдарға қызықты болған-ау шамасы, менің түріме қарап бәрі мәз болып құліп жатыр. Ал, мен шыныда «жеті» санының қасиетіне тәнті болдым.

Сонымен қатар, наурыз мейрамында ұлттық ойындар (тоғызқұмалак, алтыбақан, асық ату, тартыспақ, ақсүйек т.б) ойналып, адамдар ұлттық киімдерін (камзол, шапан, бөрік, сәүкеле т.б) киіп, таң атқанша домбырамен ән шырқап, би билеген. Осының бәрін анам қалай жаттап алған деп ойладым. Мен наурыз туралы әңгімелер қатты қызықтырды. Мен анама көмектесіп, жеті дәмнен Наурыз көже жасауға кірістім. Наурыз көжеміз өте дәмді болып шықты.

Естіген, білгенімді дос қызыма айтпақшы болып, мен де үйден шықтым. Даға қандай тамаша болып тұр. Қоңыр салқын жел бетімді өбіп, көк аспанды жөңкілген бұлттар көшіп бара жатыр. Кеудемді қуаныш кернеп, туған жерімнің ауасын қеудем кере жұтып көшемен келе жатырмын.

Мен дос қызыммен кездесіп, оған бұғін үйде болған әңгімені баяндал бердім. Ол қатты таң қалып, наурыз туралы түсінігі кеңіп, екеуіміз тағы бір көнеден келе жатқан ата-бабаларымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінен хабардар болғанымызға қатты қуандық. Құрбым екеуіміз өзімізді бақытты сезіндік, бойымызды шаттық кернеп керемет сезімде болдық.

Жыл он екі айдың барлық мезгілдері өзінше ерекше, қайырлы да қасиетті ғой. Сондықтан да әр айдағы әр мерекелер халқымыздың қазынасы деп білеміз, қадірлейміз, құрметтейміз, бас иеміз.

Бізге ата-бабаларымыздан қалған құнды салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, әке-шешелеріміз санамызға жеткізіп үйретсе, біз бойымызға сіңіруге тырысамыз.

Көктем айы бәрімізге денсаулық бақ-береке, бірлік, бүкіл әлемге тыныштық әкелсін деп тілеймін.

Қош келдің, көнілді көктемім!!!



Саятқызы Үлпан,

7 сынып
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
мектеп-гимназиясы» КММ

ДОСТЫҚ ЖАЙЛЫ БІРЕР СӨЗ

Дос деген киелі түсінік. Көнілі бір ортақ адамдар ғана бір-бірімен дос бола алады. «Досы жоқ адам – тұзы жоқ тағам. Өз басынды дауға берсең де, жолдасынды жауға берме. Жаман туған болғанша, жақсы досың болсын. Досы көпті жау алмайды, ақылды көпті дау алмайды», -деген халықтың дана сөздері осы бір ұғымды толық ашып тұрғандай.

Жақсы дос туғаннан да жақын болып кетеді еken. Өйткені өзің шынайы дос деп санайтын адамның көнілі кіршіксіз келеді. Досына деген пейілі ақ, көнілі пәк болады. Достар бір-біріне ұқсас жандар, бір-бірін толықтыратын, бір-бірінің кемшілігін жауып тұратын адамдар.

Соның арқасында екеуінің де кемшілігі көрінбей қалады. Ойы мен санасы бір, көзқарасы мен пікірі ортақ жандар да бір-бірімен дос болуға бейім келеді. Дос адам жанының айнасы тәрізді.

Себебі адам өзі қандай болса, дәл сондай жанына жақын жанды іздейді. Нағыз адап дос өмірде орын алатын түрлі сәтсіздіктерге мойымай, басқа түскен ауыртпалықтарды бірге көтеруге жәрдемдесіп, қуаныш пен шаттық құндерді бөліседі.

Менің досымның есімі - Аида. Ол өте әдемі, көрікті қыз. Мен онымен екі жылдан бері доспын. Осы екі жылдың ішінде Аидамен талай қызықты сәттер мен оқиғаларды бастан кешірдім. Қын сәтте жанымнан табыла білді. Достығымыз да талай сынға түсті.

Бірақ біз еш мойымастан, достығымызға сызат түсірмедік. Сол достықтың қадірін ешқашан ұмытпақ емеспіз.

Аида мен үшін ең жақын әрі адап дос. Өйткені мен оған сенемін, ол да маған сенеді. Біз бір-бірімізге сырларымызды айтамыз, қызықты сәттерімізben бөлісеміз.

Достық жас таңдамайды. Мектепте де, жұмыста да, сыныпта да, басқа жерде де жалғасын табады. Уақытты бірге өткізесін, бірге жүресін. Аида екеумізде де дәл солай.

Күнде кешкісін волейбол ойнаймыз. Аиданың отбасымен бірге демалуға саябакқа шығамыз, көлге барамыз. Әр мерекені бірге қарсы аламыз. Сондай көңілді өткізген сәттердің бірінде Аида маған ұмтылмастай естелік жасады. Ол менің туған күн кешім еді. Алыс сапарға кеткен Аида менің туған күніме үлгермейтінін айтып, қонырау шалған еді.

Досымның келмейтініне қатты жабырқап, кеш қонақтарының арасында көңілсіз отырған сәтімде сыртқы есік ашылып, аппақ үлкен аю есіктен кіріп келіп, құттықтау сөзін айттып, мені биге шақырды. Бұл күтпеген тосын сыйды жасаған жақын құрбым, Аида, болатын.

Жабырқау көңілім көтеріліп, тосын сыйға мәз-мейрам болып тұрғанымда, жаныма құрбым келді. Қолындағы гүл шоғын беріп, мені құттықтады. Бұл мен үшін ұмтылмас сәттердің бірене айналды.

«Жаңа дос таптым деп, ескі досыңдан айырылма», - деген сөз бар. Сондықтан болашақта қанша дос тапсам да, Аидамен достығымыз осылай жалғасын табады деген үміттемін.



**Тұрбекова Толғанай,
10 сынып
«Б.Момышұлы атындағы ЖББМ» КММ**

ҒАЖАЙЫП АЙНА

ертеңі

Ерте заманда бір ауылда Ерболсын атты жас жігіт өмір сүріпті. Ол өзімшіл, қырсық мінезді болыпты. Ауыл адамдарынан сәл алшак тұрады екен. Сөйтіп, күндердің бір күні Ерболсын көрші ауылдан келе жатқанда бір айнаны тауып алады. Айнаның шеті күміспен қапталған, әдемі тастармен көмкерілген екен.

Күнмен шағылысып жатқан айнаны алды, өзіне қараса, өте сымбатты болып көрінеді. Ол таңғалып, айнаны үйіне апармақ болады.

Үйіне кірер кезде бір әжені көреді, әже: “Қолындағы не, балам, әдемі зат екен,” - дейді. Ерболсын әженің қасына жақындал, айнаны көрсетеді, ол таңғалып айнадан өзін танымай қалады. Айнада жап-жас, әдемі жүзді, сұлу қызы көрінеді. Сонда әже:

-Мәссаған, бұл менің жас кезім ғой, бұл қалай? Сиқыр ма? - деп таңырқай сұрайды.

-Жоқ, бұл кәдімгі айна ғой, ешқандай сиқыр емес.

-Балам-ау, сен мұны маған берсеңші, анда-санда қарап, жас кезімді есіме алды отырайын.

-Жоқ, айнаны тауып алған мен, өзіме керек, - деп айнаны әженің қолынан жұлып алды, кетіп қалады.

Ертеңіне көршісі Ақжол келіп:

-Ерболсын, маған қазаныңды бере тұршы, үйге қонақтар келген еді,-дейді.

-Жоқ, өзіме керек, - деп тұрғанда, көршісі үстел үстіндегі айнаны көріп, оған қарайды, ол да қатты таңғалады. Өйткені Ақжолдың бетінде үлкен тыртық бар еді, сол тыртық айнада мұлдем байқалмай, көршісі сымбатты, сері жігіт болып көрінеді.

Ол Ерболсынға айнаны сыйлауын өтінеді, өйткені Ақжол кішкентайынан тыртығынан қысылып, ұялып жүретін еді, соны жасыруға кішкене болсын көмек деп ойлайды. Ал Ерболсын өзімшіл болып, айнаны беруден бас тартады. Көршісінің көңілі түсіп, үйіне кетеді.

Сол күні Ерболсын кешкісін ас ішіп отырған кезде айнаны қағып жіберіп, сындырып алады.

Қатты көнілі түсіп кетеді. Ертеңіне таң атысымен үйінде нан жоқ екенін көріп, наубайханаға бармақ болса, наубайхана жабық екен, ол амал жоқтығынан көршілерден сұрауға кетеді.

Сөйтіп кеше кездестірген әженің үйіне келіп нан сұрайды. Ал әже: «Сен кеше меннен айнаңды аядың ғой, жап-жас болып ол саған не үшін керек еді?!» - деп ренішін айтады.

Ал Ерболсын қырсығып, кетіп қалады да, Ақжолдың үйіне барады. Ол да ренішін білдіреді, ”бір өтінішімді жерге қалдырдың ғой” дейді. Ерболсын көнілі түсіп, үйіне келеді. Сынған айнаның бетіне қарап отырып өкінеді де, ойға батады. “Көп адамдар мен секілді дүниеге қызығып, жақындарын ұмытып кетеді, қайдағы бір айна үшін досымды да, қарт әжені де ренжіттім, бұл дұрыс емес қой,”-деп ойланады.

Солай ойланып отырған кезінде үйіне Ақжол нан алып келіп, “қарның ашып қалмасын, достым” дейді. Ерболсын қатты ұялып Ақжолдан да, әжайден де кешірім сұрайды. Осы оқиғадан кейін Ерболсын ешқашан «дүние, ақша, мансап» деп жанындағы жақын адамдарды ұмытып кетпеу керекігін түсінді. Көніл - ең басты сыйластық, көніл қалса сыйластық та жойылады!



Серік Сұлтан,
6 сынып
Жанаарқа ауданы,
Қызылжар кенті

ЕРЖІГІТ

Ерте заманда бір елде Ержігіт есімді ханның баласы болыпты. Хан баласын жел тигізбей елден бөлек, ішкенін алдында, ішпегенін артына қойып өсіріпті. Тіпті ол баласына сарайдың сыртына шығуға да тыйым салған еken. Онда қарапайым халық тұрады. Олардың жағдайы тәмен.

Сол себепті хан баласына қыншылықты көрсеткісі келмей, осылай істепті. Ал Ержігіт болса, сарайдың сыртында барлығы дәл осындай бай, жұмақта өмір сүреді деп ойлайды.

Жылдар өте береді. Ержігіт 16 жасқа толады. Өтіп жатқан күндерінің бірінде оған «неге маған сарай сыртына шағып көрмеске?» деген ой келеді. Сөйтіп, қарауылмен сейлесіп, ешкімге білдіртпей, шығып кетеді. Шамалы жер ұзағаннан-ақ, Ержігіт жүк тасыған, қайыр сұраған, аш жүрген адамдарды көріп, аң-таң болады.

Бұрын мұндайды көрмек түгілі естімеген ол өмір үшін күресіп, күйбен тіршілік жетегіндегі адамдардың өмірін ұзак үақыт көріп, аралап жүреді. Кешке дейін қаланы аралап, бір жерге демалмақ болып отырады.

Алып шыққан тамағын аузына сала бергенде, жүрегін тоқтата жаздаған бір сөзді естиді. Кетіп бара жатқан қала тұрғындарының бірі екіншісіне: «Хан әбден есіріпті. Өткен жолы алған алтындары жетпегендей, бұл жолы таза алтыннан жасалған 30 құмыра әкелесіндер депті.

Айтқанын орында маса тағы да адамдардың басын аламын депті». Осы сөзді естіген Ержігіт сене алмай есептіреп қалады.

Бірден сарайға жол тартады. Қаһарлы күйде әкесіне келеді. Алғашында әкесі не болғанын түсінбейді. Сонынан оның қалаға шыққанын түсінеді. Ержігіт әкесіне: «Сіз мені қалай жақсы көретінізді білемін. Анам дүниеден өткеннен кейін де оның орнын жоқтатпауға тырыстыңыз. Бар мейіріміңізді төктіңіз. Бірақ сіз бір нәрсені ұмыттыңыз.

Сарай сыртында да мен сияқты анасынан айырылған сәбілер қаншама?! Оларда мен сияқты ешнәрсеге мұқтаж болмай өмір сұруге лайықты. Ал сіз оларды аштыққа ұшыратып, бақытсыз қылышп отырсыз. Сол адамдардың

қарғысына қалам деп ойламайсыз ба?» - дейді де, есікті тарс жауып кетіп қалады. Хан тұнімен ұйықтамай ойланады.

Ертесіне ол өзінің бас уәзіріне бүкіл халықты сарайға жинауды бұйырады. Халық жиналған соң, патша олардың алдына шығады. Барлығы «Не дейді екен?» дегендей, үнсіз күтіп тұрады.

Хан екі тізесін бүгіп, ел алдына басын иіп, барлық істеген жаманшылығы үшін кешірім сұрайды. Ол бар қазынасын халыққа таратып беріп, сол кезде хан өз ұлын Ержігітті хан етіп жариялады. Ал Ержігіт болса болашақта халқымен бірге қуанышы мен қайғысын да бөлісетін хан болуға уәде беріпті.

Орман Кәусар,
б.сынып
Жанаарқа ауданы,
Б.Амалбеков атындағы
тірек мектебі

ЕРЖҮРЕК АХМЕТ

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жұні бөртеде, бір күні Шерхан деген хан болыпты. Ол ханның екі ұлы Көшен мен Есен және айдай сұлу кенже қызы Айсұлу болады. Бір күні хан ұлдарын шақырады.

Хан айтады: Маған сиқырлы құсты алып келіндер, сендер ол құсты маған жеткізіндер, ол құсты тапсандар, екеуінің біреуіне барлық байлығымды беремін дейді. Сол кезде үйге Айсұлудың жігіті Ахмет келеді. Ахметтің жағдайы мәз емес еді, ол қарапайым малшы болатын. Сонда Ахмет: Мен де барсам бола ма? - дейді.

Бірақ оған Көшен мен Есен қарсы болады, өйткені байлықтарымен бөліскісі келмейді. Бірақ хан Ахметке рұқсат береді. Айсұлу Ахметке аландайды. Хан үшеулеріне бір-бір аттан беріп аттандырады. Олар үш күн журеді, бірақ сиқырлы құсты таппайды.

Олар бәрібір үміттерін үзбейді. Тұн болады, үшеуі бір жер тауып сол жерге түнемекші болады. Сол кезде аттары қашып кетеді. Олар аттарға жете алмайтынын біліп, сол жерге түнейді. Олар ұйықтап қалады. Бір кезде бір айдаһар келеді. Сонда оны Көшен мен Есен байқамайды. Бірақ Ахмет бір нәрсені сезіп атып тұрады. Тұрса айдаһар шабуыл жасайын деп жатыр еken. Сол кезде Ахмет қару-жарағын алып шайқаса жөнеледі.

Оны көрген Көшен мен Есен қорқып қашып кетеді. Ахмет бір үнгірге құлап кетеді. Ол жерде ну орман еken. Бір кезде бір үйден кәрі әжей шығады. Әжей: - Балам шаршаған шығарсың, төрлет, ауқаттанып ал – дейді. Ахмет әжейдің үйіне кіріп, сусын ішіп, уланып елікке айналып кетеді.

Әжей мыстан кемпір болып шығады. Ахмет оған алданып қалғанын білмей қалады. Даға елік бейнесінде жүгіріп шығып кетеді. Дағада бірнеше еліктер жайылып жүр еken, Ахмет те сол еліктердің қатарына қосылады. Ахмет сол еліктермен тілдесіп, оған бір айла келеді.

Мыстан кемпір алты адамды алдап, сусын беріп, елікке айналдырып жіберген еken. Ахметпен бірге жеті елік мыстан кемпірдің үнгіріне барып, ошақта қайнап жатқан қара қазандағы сусынына итеріп жібереді. Мыстан

кемпір өз дайында жатқан сусынына түсіп, күйіп, өліп қалады. Ал жеті елік адамға айналады. Олардың біреуі жерасты патшайымы екен. Ол Ахметке алғысын жаудырады.

Патшайым: - Сенің алдында борыштармын, сен мені мыстан кемпірден құтқардың! Сенің кез-келген арманыңды орындаймын – дейді.

Ахмет: Патшайым, мен бір сиқырлы құсты іздең жүр едім. Соны табуға көмек берсеңіз – дейді.

Патшайым әкесімен Ахметті таныстырады, осы батыр маған көмектесті. Сиқырлы құс іздең жүр екен, әке сіз көмектесіңізші деп патшайым әкесінен өтініп сұрайды.

Патшайым әкесі: Ахмет батыр саған алғысым шексіз, менің қызыымды құтқардың, сенің кез-келген арманыңды орындаймын дейді.

Әкесі сөзінде тұрып, өзінің адамдарын салып, 7 күн сиқырлы құсты іздең, тауып Ахметке береді. Содан олар риза болып Ахметті шығарып салады. Ахмет қуанып өз үйіне қарай аттанады.

Ауылға жетіп қалған кезінде Ахметтің алдынан Көшен мен Есен шығады. Ахметтен сиқырлы құсты тартып алып, садақпен атып кетеді. Ауылдың шетінде Ахметтің жаралы болғанын Айсұлудың тазы иті көреді.

Ханның екі ұлы қуанып үйлеріне барады. Әкесіне сиқырлы құсты табыстайды. Әкесі қуанып, шүберекті ашып қараса, ішінде жап-жасыл бақа екен. Хан ашуланып: Мыналарың не? Сендер менімен ойнайын дедіндер ме? – деп екі ұлын қуып шығады. Айсұлу Ахметтің келмегенін біліп, жылайды. Айсұлу жабырқап жылап отырган кезде, жанына тазы иті келіп, қатты үріп, өзімен бірге еріп барғанын қалайды. Айсұлу иттің артынан жүріп отырады. Ит Айсұлуды Ахметке апарады.

Жаралы Ахметті көріп, одан сайын жылайды. Ахметті арқалап үйіне апарып, емдейді. Ахмет емделіп, есін жиған кезде бар жағдайды ханга баяндағы береді. Сол бақаны Ахмет қолына алған кезде ол сиқырлы құсқа айналады.

Ол құс тек адал, ақылды, жақсы адамдардың қолында болса ғана сиқырлы құс болады, егер жаман адамдардың қолында болса бақаға айналып кетеді екен. Хан қуанып, риза болып, Ахметке өзінің қызын Айсұлуды бар байлығымен береді. Көшен мен Есен Ахметтен кешірім сұрайды. Ахмет пен Айсұлудың тойын дүркіретіп жасайды. Олар бақытты, тату-тәтті ғұмыр кешеді.

**Уалихан Бекнұр,
б сынып
Жанаарқа ауданы,
Қызылжар ауылы**

АЮ АҢСАҒАН ҚҰЛПЫНАЙ ДӘМІ

Бұрынғы өткен заманда бір орманның ішінде қарны қампиган, аяғы талтиған дәу аю өмір сүріпті. Аю көзіне көрінгеннің барлығын қалдырмай жейді екен. Бір күні аю күндегі әдетімен ұйқысынан тұрып, өзенде ағып жатқан суға бетін жуып, өзіне азық іздеуге бел буады. Аю өміріне мәз, қуанышында шек жоқ.

Кенет ол өсіп тұрған кіп-кішкентай құлпынайларды көреді. Аю кілт тоқтап қалады да, құлпынайға ұзақ көз алмай қарайды. Ол көп ойланып, біреуін ғана үзіп жеп дәмін көреді. Оларды қанша тойып жегісі келсе де өзін ұстап үйіне қайтады. Ертесіне аю тағы да сол жерге келеді.

Құлпынайлар бұрынғысынанда үлкен болып, қызарып өсіпті. Аю бұл жолы да оларды жемей үйіне қайтады. Бір апта өтеді.

Аю қайта айналып сол баяғы жерге келеді. Бірақ өзі қызықса да, жеуге қимай жүрген құлпынайларды таба алмайды. Аю қатты ызаланады, ашуланып, не істерін білмей сол жерге талдың түбіне отыра кетеді. Бір кезде талдың түбінен кішкентай қоян ытқып шығады. Аю, саған не болды? Көңілсізсің ғой. Егер бір жағдай болса айт, менің достарым саған көмектесуге дайын, - дейді қоян.

Аю болған жағдайдың барлығын қоянға айтып береді. Аю мен қоян құлпынайларды жеген кім екенін білу үшін қақпан құрып, аңдитын болады. Біраз күннен соң құлпынай жеміс сала бастайды.

Құрған қақпанға сол орманда өмір сүретін қу тұлқі келіп түседі. Аю тұлқіні көріп:

Қап бәлем, түстің бе қолға? Енді менен сыбағанды аласын, - дейді.
Сол кезде тұлқі аюдың аяғына жығылып жалынады.

Өтінемін, мені өлтірмеші, мен сенің айтқаныңың барлығын орындаимын, - дейді.

Аю тұлқіні құлпынайдың қасына күзетші етіп қояды. Күндердің күнінде тұлқі күзетші болудан жалығады да, өз айласын асырады. Ол аюға келіп, қоян үйіне қонақ шақырып жатыр деп өтірік айтады. Аю қоянның үйіне келсе,

ешқандай қонақ жоқ екен. Сол кезде аңқау аю ойланып, тұлкінің алдағанын түсінеді. Ашуланып тұлкіге келсе, тұлкі пісіп тұрған құлпынайдың барлығын теріп алып, қашып кетіпті. Аю: -Әй ақымақ басым-ай, қалай ғана тұлкіге алданып қалдым, - деп құлпынайларын қиялдап жатып көзі үйқыға кетеді.

Жаз өтіп, күз келеді, артынан қар жауып, қақаған қыс келеді Аю қыстық азығын жиып ұзак үйқыға кетеді. Бірақ, аюдың аузынан сол бір тәтті құлпынайдың дәмі кетпей қояды.

**Жанқабыл Кәусар,
6 сыйнып
Жанаарқа ауданы,
Қызылжар ауылы**

АРДАҚТЫҢ АРМАНЫ

Баяғы өткен заманда, ата-анасынан бала күнінен айырылып, жетім қалған Ардақ есімді бала өмір сүріпті. Ардақ күнделікті күнкөрістің қамы үшін, бір үзім нан алу мақсатында зұлым, қатігез адамдардың қара жұмыстарын жасайды екен.

Бірде, Ардақты бір бай орманға саңырауқұлақ теріп келуге жібереді. Ол себетін алғып, орманға аттанады.

Ағаштардың түбінде өсіп тұрған саңырауқұлақтарды теріп, себетті толар толмас болған кезде алыстан ерекше көз тартып, өсіп тұрған саңырауқұлақты көреді. Сол ағашқа қарай барып, саңырауқұлаққа таңдана қарап тұрады. Зер салып, көз тоқтатып қараса, саңырауқұлақ қалпақ киген адамға ұқсайды екен. Еңкейіп, қолып созып, саңырауқұлақты ала берген кезде саңырауқұлаққа тіл бітеді.

Ардақжан, мені жұла көрме. Мен осы орманның қарауылымын. Қаласаң үш тілегінді орындағын –деп тіл қатты. Ардақ қатты таңқалады. Өз көзіне өзі сенбей абдырап, тұрып қалды. Сәлден кейін Ардақ:

-Таңқалысымда шек жоқ, расымен армандарымды орындастын болсаң, тиіспейін-дейді.

Әрине, тілегінді айта бер-дейді саңырауқұлақ.

-Ендеше,-дейді Ардақ- Менің алғашқы арманым, ата-анаммен қауышу –дейді. Саңырауқұлақ күрсініп,-кешірші, мен қайтыс болған адамдарды қайтара алмаймын -дейді.

-Онда....онда...менің туған бауырларым болса, соларды алдыма алғып келші дейді.

-Айтқаның болсын!- деп саңырауқұлақ қалпағын көтерді, сол сәтте Ардақтың жанына тағы екі бала пайда болды. Ол Ардақтың туған бауырлары екен . Бірі Ажар есімді қарындасы, екіншісі Арман есімді інісі. Ардақтың қуанышында шек болмады. Бауырларын құшақтап, мауқын басты.-Екінші тілегінді айта ғой-деді саңырауқұлақ.

-Екінші тілегім, бізге зәулім үй қалаймын- деді. Саңырауқұлақ қалпағын тағы бір көтерді. Сол орман ішінен көрсөн көз тоймайтын, биік, зәулім үй пайда болды. Бауырлар қуанғаннан бір-бірін құшақтап , алақан соға жөнелді.

-Соңғы, үшінші тілегінді айт Ардақжан-деді.

-Үшінші тілегім, осы зәулім үйдің жанынан үлкен бақ болса, жыл он екі ай бойы сол талдардан жеміс арылмаса-деп тілек тіледі. Саңырауқұлақ соңғы мәрте қалпағын көтеріп еді, үйдің жанынан ұзыннан ұзақ бақ пайда болды. Бұл бақтың жемістері алуан түрлі екен.

Ардақ бауырларымен саңырауқұлаққа алғыстарын білдіріп, солардың жанында қалуларын өтінді. Саңырауқұлақ оның орман қарауылы екенін тағы бір есіне салып ,бақыт тілеп, бір мезетте көзден ғайып болды.

Сол уақыттан бастап бауырлар бақытты да баянды ғұмыр кешіпті. Ал үй жанында орналасқан үлкен бақтан қарны ашқан , азық таппаған адамдар азық алып отыратын болған.

**Жұмабай Эмина,
б сынып
Жанаарқа ауданы,
С.Сейфуллин атындағы ЖББМ**

АҚЫЛДЫ СИҮР

Жазда атасы екі немересімен қорада тұрған сиырын алып, сатпақ болып мал базарына аттанады. Аудан орталығында үлкен мал базарына барады. Базар іші ығы-жығы адамдар. Атаның жанына біраз адам келіп сиырдың құнын сұрап, өздерінің бағаларын ұсынады.

Бұл бағаға келіспеген ата, өзінің бұл малды асырап баққан еңбеін сонша арзанға бағаламайтынын айтады. Арада біраз уақыт өтті. Кеш батты. Екі немересінің қарны ашқан, «үйге қайтайық» деп мазасызданып тұрғанын алыстан Санжар байқайды. Санжар сол ауылдың әккі, қуы еді. Ойна бір арам тірлік түсіп, атаның жанына барады.

-Ассалаумағалейкүм ата!-деп қос қолын созады.
-Уағалейкүмассалам, балам-деп ата жауап қатады.
-Ата, сиырыңызды қаншаға бағалап отырсыз?-дейді Санжар.
-Сиырды қөктем шыға баптап, құшімді салып бақтым. Осы малды сатып, немерелерімді сабаққа дайындау мақсатым. Сондықтан, үш жүз мың теңге - дейді .-Ата , еңбегінізді бағалап, сізге екі жүз сексен мың берейін, сатасыз ба?-дейді. Ата көп ойланбай келіседі.
-Тек, ата, ақшам пластик картамда еді, жақын манда оны алатын банкомат болса, бірге барып алып келейік –дейді. Атасы келісіп, сиырын жетектеп, екі немересін алып Санжардың артынан ереді. Біраз жол жаяу жүреді. Қарны ашқан немерелері су сұрайды.

Атасы соларға бұрылып қарай бергенде Санжар сиырды жақын манда дайын тұрған арбасы бар көлікке орналастырып, ұрлап алып кетеді. Атасы көліктің артынан қуғанмен оған жете алмай қалады.

Сөйтіп сан соғып қалған атасы, немерелерін жетектеп үйіне қайтады. Сиырды қалай тапсам болады деп, қайғырып отқан атасының жанына ұлы Жалғас келіп: Әке, уайымдамаңыз, қазір табамыз-дейді.

-Қалай табасың, балам?-деп күрсініп сұрайды.
-Міні мына картадағы қызыл белгіні көрдіңіз ба? Сиыр сол жақта-дейді.
-Өй, мынау Сәрсенбайдың қорасы ғой, бұны қалай таптың?-деп куанады.

-Өке қазір дамыған заман, мен бір ай бұрын сиырдың аяғына қашықтықтан бақылап отыратын құрылғы байлап қойғанмын. Еш уайымдамаңыз, қазір барып , алып келеміз –дейді.

Жалғас карт әкесін алыш, екі көше жоғарыда орналасқан Сәрсенбайдың үйіне барып, қорасын ашқызады. Ашып қараса сиыр тұр, бірақ қара екен. Атанаң сиырының тұсі қоңыр еді. Таңқалып:-Сонда қалай осы жерді көрсетіп тұр?-деп сиырды мұқият қарай бастады. Сол сәтте қораға Санжар келіп -Сіздер не жоғалттыңыздар? Бұл менің сиырым-деп дауласа жөнеледі.Сол сәтте сиыр мөніреп дауыс шығарады. Атанаң есіне сиырының отыра алатыны түседі.

Сиырым, айналайын, отыршы -дейді. Сиыры біраз кідіріп, сол жерге отырады. Айналадағы адамдар таң қалады. Санжар:-Менің сиырым, бұл да отырады-дейді еш саспастан. Енді қалай сендеремін деп ата ойланып тұрғанда сиыр өз үстін жалай бастайды. Сол кезде қара тұсі қоңыр түске айналады.

Санжардың атанаң сиырын ұрлап кеткені, оны қара түске бояп қойғаны белгілі болады. Жалғас Санжардың заң жүзінде жазасын береді, ал сиыр атасына қайтады. «Ұрлық түбі-қорлық» деп атам қазақ бекер айтпаған.Нанды адаптация мен тапсан, берекелі болары хақ.

**Жәкен Гұлсезім,
б сынып
Жанаарқа ауданы,
А.Сейдімбек атындағы ЖББМ**

ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ

Ертеде төрт жыл мезгілі болыпты. Олар: қыс, көктем, жаз, күз. Төрт жыл мезгілі бір – бірімен дос болыпты. Бір күні қыс мезгілі үш жыл мезгілге өзінің мықты екенін айтпақшы болады.

- Мен барлық жыл мезгілден мықтымын. Себебі: мен жерге аппақ қарларды төгіп, балаларды қуантамын және қыс мезгілінде жаңа жыл мерекесі болып, түрлі мерекелер атап өтіледі. Сондықтан бәрінен сыйлымын – дейді. Ал көктем оған көңілі толмай:

- Мен ғой бәрінен мықты, себебі: көктемде қар еріп, жемістер өсіп, жаңбыр жауады және күн жылып адамдар жеңіл киіне бастайды. Мені барлық адамдар жақсы көреді. Сондықтан сыйлы мезгіл болып адамдар мені көреді дейді. Сонда жаз тұрып:

- Жаз сыйлы деп мойындай салсандаршы себебі: жазда күн ысып, адамдар ыстықтап суға түседі. Жаз күнінің шыжыған күні, адамдар жайлыштың күнінің рақатқа батады, - дейді.

Күз тұрып.

-Менің де пайдам көп себебі: адамдар жеміс жейді. Нағыз жеміс піскен мезгіл. Адамдар мен балалар оқуға барып білімін толықтырады, сондықтан адамдар мені сыйлы мезгіл деп қабылдайды. Сыйлы мезгіл болуға мен лайықтымын.

Төрт жыл мезгілдің таласып отырғанын көрген аспан патшасы:- Ей жыл мезгілдері бәріңнің көмектерің бірдей, бәрің сыйлы жыл мезгілі болуға лайықтысындар, - дейді.

Өз қателіктерін түсінген мезгілдер бір – бірінен кешірім сұрайды. Олар ешқашан ұрыспауға, дауласпауға әрқашан дос болуға уәделерін береді. Содан бері төрт жыл мезгілі тату – тәтті өмір сүреді.

**Жанұзак Інкәр,
6 сынып
Жаңаарқа ауданы,
А.Сейдімбек атындағы ЖОБМ**

ӨНЕРПАЗ СЕПТІКТЕР

Ертеде жеті өнерпаз болыпты. Жеті өнерпаздың жеті өнері бар еken. Жеті өнерпаздың анасының есімі Зат есім ал әкесінің есімі Септік еken.

Бірінші ұлының аты- Атау. Ол- әнші еken. Екіншісі Ілік қүйші болады. Ол ұлы кенеттен ауырып қалады. Әкесі «ненің зияны, кімнің көзі тиді еken?» - деп қатты ойланады. Одан кейінгі ұлы Барыс ақын еken.

Ол айтыстан жолы болмай қиналып «кімге айтсам еken, неге жолым болмады?» - деп қамығады.Оны көрген Табыс атты ағасы «нені айтып,кімді кінәлі етейін?»- деп жұбатады.

Жатыс ағасы суырып салма ақын еken. Мұның жолы «кімде, неде болса да мен айтысқа шығайын»- деп бекінеді. Өнердің жолы ауыр еkenін білген Шығыс актер еken.

Мақтаншақтау болса керек. «Кімнен, неден қамығамыз? Көп ізденсек бәрін де игеріп жетістікке жетеміз?»- деп шабыттанады. Ең кіші бауыры Көмектес әнші,танымал болса керек.

Дәстүрлі әндерді де эстрада жанрындағы әндерді де шебер орындаиды. Ағалары оған «кіммен ақылдассаң да, әнді немен орындасан да ешкімнен кем түспейсің» деп танымалдылыққа тәрбиелейді. «Ағасы бардың, - жағасы бар,- деген осы» деп әкесі марқайышты.

Асқар Шахзада,
6 сынып
Жаңаарқа ауданы,
№132 тірек мектебінің оқушысы

Ертеде бір керемет шаһар болған еken. Сол шаһарда мектепте бір сыныбында өте білімді оқушылар болған еken. Әсіресе ішінде өте тату төрт дос қызы үнемі бірге жүреді еken. Аймерей атты қызы әдемілікті өте жақсы көреді, ылғи сұлулыққа қатты қызығатын болса, Іңкәр болса бай болуды армандаиды еken. Асылым үнемі атақ- данққа құмар болып келсе, Айсана осылардың арасындағы ерекше қамқор, жақсылыққа жаңы құштар болып өседі.

Бір күні мұғалімдері оларға келесі сабакқа таң қалдыратын ерекше зат тауып әкелуге тапсырма береді. Әр бала өз беттерімен іздеуге кіріседі. Ақылдаса келе үш қызы ондай затты іздеуге орманға бармақшы болады. Сонымен демалыс күндері олар орманға аттанады.

Орманды аралап -аралап ештеңе таппаған олар әбден шаршап, дем алып отырып үйықтап кетеді. Түстерінде әр қызы армандаған заттарын қалай табу керектігі туралы оларға аян берген бірдей тұс көреді. Ең бірінші орнынан Аймерей тұрып оянып өзінің арманындағы сұлулыққа қатысты затты іздеуге кетеді. Оның артынша Іңкәр тұрып, байлыққа жеткізетін затын іздеуге кетеді.

Солай келесі Асылым өмірде билікке апаратын ғажайып затты іздеуге кіріссе ең артынан Асылым оянып қараса достары жоқ екенін көріп, ерекше затты өзі де іздеуге аттанады.

Ең бірінші аттанған Аймерей түсте айтылған аян бойынша бір ағаштың түбіне барып отырады, жақсылап қараса барлық жапырақ бірдей де тек бір жапырақ ерекше пішіні де көлемі де тұсі де басқалардан өзгешілігін байқайды да ойланып тұрып «Ерекше сұлулық сыйлайтын осы жапырақ болды ғой» деп жүлшіп алады.

Оны қолына алып бетін сұрткені сол-ақ еken. Ерекше сұлуланып кетіпті. Мен мұны ұстазыма көрсетсем ең жақсы бағаны мен алатын боламын деп қатты куанады.

Іңкәр болса жүріп-жүріп өзеннің жағасына келіп отырады да өзіннің түбіне жақсылап қараса ерекше жарқыраған тасты көреді. Ол тасты алып «Мені

арманыма жеткізетін ерекше тас осы екен ғой» деп суга қолын салып жіберіп, тасты алып шығады.

Судан алып шығып:

- «Маған ұлken зәулім үй сыйла» - дегені сол ақ екен екі қабатты зәулім үй пайда бола кетті. Іңкәрдің қуанғаны соншалық мениң тапқан затым ең ерекше болатын болды. «Ең ұздік бағаны мен алатын болдым» деп ойлады ішінен.

Ал Асылым болса аз ба көп па біраз жүрген соң бір гүлдер өскен алқапқа кез болады. Ол мәз болып гүлдер өскен алқапты аралап жүрсе, алдынан түсі басқа ерекше әдемі гүлге көзі түседі.

«Мені арманыма, атақ - даңқа жеткізетін гүл осы болуы керек» деп жұлып алады. Қолына алып әрлі берлі қарап: - Мен ешкімде жоқ атақ - даңқ марапатқа ие болғым келеді дегені сол екен, қаншама медаль, ордендер мен мақтау қағаздары пайда болып бүкіл әлемге танылғаны жөнінде, елдерге шақырту туралы ұсыныс қағаздар пайда бола бастайды. Сонша қуанған Іңкәр «Ең керемет таң қалдыратын зат менде болатын болды. Енді сыныпта да ең ұздік өзім боламын» деп қатты қуанады.

Ал Айсана болса жүріп келе жатып қалың ну ағаштарлық ортасына тап болады. Орманда адасып біраз жүрген соң отыра кетеді. Қараса тұра алдында ұзын сарғыш келген ағаштың тұп –тұзу, жан-жағы жұмыр келген бұтасы жатады. Бұтаны алып олай бұлай қарап, үйге қалай қайтатынын білмей қиналған ол: - Мені адастырмай үйіме апарып тасташы деп айтқаны сол ақ екен, көзді ашып – жұмғанша ауылына келген екен.

Ал енді орманда қалған қыздарға келейік. Әбден өзінің сұлулығына масаттанып болған Аймерей енді үйіне қайтуды ойлайды. Бірақ орманнан қалай шығарын білмей, қайда келгенін білмей қатты қинальып айғайлап жылауға басады.

Тура осылай Асылым зәулім асыл тасты үйді аралап-аралап әбден жалығады, іші пысып қатты зерігеді. Ол да үйіне қайтуды ойлап, енді қайдан келіп, қайдан қоятынын білмей, далаға шығып алып достарын шақырады. Бірақ бұған көмекке ешкім келмеді.

Ал Іңкәрга келетін болсақ ол да өзінің танымал болғанына масаттанып, қуанып болған соң үйге қайтуды ойлайды. Бірақ бұл да жолын таппай қатты жылауға басады.

Ертеңіне таңертең Айсана ұйқыдан тұрса, достары әлі үйлеріне келмепті. Ата-аналары оларды іздел жатыр екен дегенді естіп, Айсана кешегі таяғын алып шығып:

- Достарым аман- есен үйіне оралсын дегені сол ақ екен, үш құрбысы аман-сай үйлеріне оралған екен.

Ертеңіне сабакқа барсасыныптас құрбылары бастарынан кешкен оқиғаларын ұстаздарына баяндап ең ерекше заттарын көрсеткен еken. Бірақ ол заттары қанша құрбылары тырысып өтініш білдірісе де ештеңе жасай алмапты.

Сейтсе орманнан шыққан бетте ол заттар өздерінің сиқырлығынан айырылатын болып шықты. Енді Айсана оларды қалай қайтарғаны туралы да айтып беріп енді таяғына тілегін айтып, барлық балалар тек үздік оқушы болса еken деп айтса, таяғы ешқандай сиқыр жасамай қалған еken.

Сонда ұстаздары барлық балаларға қарап:

- Балалар атақ, байлық, сұлтулықпен өмірде ештеңе өлшенбейді. Адам өзінің тек қана адал журегімен, адал ниетімен, еңбегімен жетеді. Ал сен Айсана тек жүргегің таза болып, достарыңа қатты көмектескің келгендіктен ғана саған кеше таяғың көмектескен болар -деген еken.

Еділбай Дағын,
7 сынып
Жанаарқа ауданы,
С.Сейфуллина атындағы ЖОБМ

ҰМЫТШАҚ ПЕРИЗАТ ЖАЙЛЫ ЕРТЕГІ

Кішкентай балалардың тісі түсіп қалғанда ата-анасы оны жастығының астына қойып қойсаң тұнде мейірімді перизат (фея) келіп, тісінді алады да орнына тыын тастап кетеді деп сендіретін.

Балалар дәл осылай жасап, таңертең оянғанда жастығының астынан тыын тауып алыш қатты қуанатын.

Дәл осындай жағдай тоғыз жасар Арманның да басынан өтіп, ол да тыын алыш қуанар ма еді, бірақ оқиға ол күткендей болмады...

Арман тәттіні қатты жақсы көретін. Сабак оқуға, әр түрлі пайдалы үйірмелерге қатысуға ерінетін. Күні бойы тәтті жеп, теледидар көріп отыруды әдетке айналдырған еді.

Бірде тәттіні көп жегендіктен оның бір тісі түсіп қалады. Ол түскен тісін жастығының астына жасырып қойды. Таңертең жастығының астына қарап, ол тыынның орнына сиқырлы таяқша тауып алыш, таң – тамаша болады. Ал, бұл сиқырлы таяқша қайдан келді депойланып отырсыз ба? Ендеше баяндал берейін.

Аспан әлемінде, адамның көзі жетпес биіктікте балаларды қуанту үшін құрылған перизаттар әлемі бар еді. Перизаттар да адамдар сияқты түрлері де мінездері де бір-біріне ұқсамайтын еді.

Олардың ішінде барлығы «ұмытшақ перизат» атап кеткен бір перизат бар еді. Арманның тісі түскен тұні Арманның тісін алуға барған ол жастықтың астына тыын салудың орнына байқамай сиқырлы таяқшасын ұмытып кетеді. Ертеңінде ол өзінің таяқшасын қайда қойғанын есіне түсіре алмай, жер-көкті шарлап іздейді. Ұмытшақ перизат өз таяқшасын іздей тұрсын, ал біз Арманға қайта оралайық.

Тыынның орнына сиқырлы таяқшаны тауып алған Арманның қуанышында шек жоқ еді. Ол бірден:

- О, сиқырлы таяқша, мен бір жәшік толы тәттілерді қалаймын,
- деді.

Бірақ оның тілегі орындалмады. Себебі, сиқырлы таяқша тек қана пайдалы тілектерді ғана орындастын еді. Ал, Арманның тісі тәттіні көп жегендіктен ауырды ғой.

Арманның ойына түскен тағы бір тілек, мектепте өзінен бір сынып жоғары оқитын сотқар бала Жантастың сазайын тарттыру еді. Сиқырлы таяқша оның бұл тілегін де орындауды, себебі бұл мейірімді перизаттың таяқшасы ғой, ол тек жақсы тілектерді ғана орындауды.

Одан кейін Арман жақындарын қуантқысы келді. Қарындасыма су жаңа велосипед, анама ноутбук, әкеме жаңа көлік, өзіме соңғы үлгідегі ұялы телефон сұрайын деген ой келді. Бірақ, оған ата-анасы қарсы болатынын біліп, ол тілегінен де бас тартты. Өйткені, ата-анасы оған «Еңбектің наны тәтті», - деп күнде айтып отыратын. Енді қандай тілек тілесем еken деп Арманның басы қатты. Біраз ойланған ол сыныптағы ең алғыр, озат, өнерлі бала болғым келеді деп тілек айтты.

Міне, керемет! Сол күннен бастап Арманның күнделігінде тек қана бестік баға ғана болды, түрлі спорттық жарыстардан үнемі жүлделі орындар ала бастады. Арманның қуанышында шек жоқ еді. Ұстаздары мен достары, ата-анасы оған ризашылықтарын білдіріп, оның жетістіктеріне қуанып жүрді. Күндер зулап өте берді.

Арада 2 айдай уақыт өтті. Бірде ұмытшақ перизат өзінің сиқырлы таяқшасын қайда қалдырганын есіне түсіріп, түнде келіп алғып кетеді. Таңертең ұйқысынан оянып, таяқшаны таппай қалған Арман қатты қобалжыды. Енді қайтпек?

Енді қалай жақсы баға алмақ? Жарыстарда қалай жеңіске жетпек? Арманға озат оқушы болу ұнап қалған еді. Әрі ол өзіне сенім артқан жақындарының көңілі қалғанын қаламады. Сол күннен бастап Арман барынтысмен сабак оқып, спорт үйірмелеріне қатысып, барлық күшін өзін дамытуға жұмсады. Байқағаны, шындарап кіріссе барлығы да қолынан келеді еken.

Сиқырлы таяқшаның көмегінсіз -ақ жақсы оқып, жетістікке жетуге болатынын көрді.

Арманның кеудесіне ерекше қуаныш сезімі толды. Сиқырлы таяқшасын ұмытып кетуі арқылы өзін жақсы жағына өзгерткен мейірімді перизатқа деген ризашылығы шексіз еді.

**Зарлық Ерзат,
б сынып
Жанаарқа ауданы,
Сәкен Сейфуллин ауылы**

МЕЙІРІМДІ КІТАПТАР

Арман үйіндегі ең кенже бала, ол өте ақылды әрі оқымысты. Арманның бұл әлемге көзқарасы мұлдем бөлек.

Сегіз жасар Арманның достары сөресінде жинаулы тұрған кітаптар. Арман олардың арқасында өте ақылды, әрі тәртіпті болып өсken.

Өзінің әр күнін кітаптармен өткізеді, олармен сырласып, әңгімелескенді ол өте жақсы көреді. Бірақ олардың достықтары ұзакқа бармады.

Себебі, осы жазда Арманның жасы тоғызға толғанда ата – анасы кіші ұлдарына ұялы телефон сатып әperген еді. Сол сәттен бастап, тоғыз жасар Арман телефонға әуес болып кетті.

Сабак оқымағаны былай тұрсын, тіпті даланы да ұмытты, ал кітаптары мұлдем сөреден бір қозғалмады, оларды шаң басып ұлгерді.

Бұны көрген кітаптар достарына қатты ренжіп қалады.

Шамамен екі – үш жыл өткен соң, сөредегі ең қалың ертегі кітап тіл қатады: Достарым, өздерінде көргендей, Арман балақай бізді тіpten ұмытты, телефон соншалықты бізден де ақылды болғаны ма?, - деп ауыр күрсінді.

Оны басқа кітаптарда қолпаштап, реніштерін білдіреді. Содан соң, барлығы жеден көмек сұраймыз деп шешті. Көп ұзамай жел де келісіп, күшейе түседі. Сол сәтте әлеуметтік желілер жұмысын тоқтатты.

Арман амалсыздан ұялы телефонын тастап, өз достарына қайтып баруга мәжбүр болды. Олардың шаң басқан күйін көре салып, ұяттан жерге кірерге тесік таптай, қатты ұялды.

Кітаптарын қолына алып, бірден қатесін түсініп, олардан кешірім сұрады. Ал мейірімді кітаптар Арманды кешіріп, бұрынғы достарын өздеріне қайтарды.

**Бақытжан Балым,
6 сынып
Жанаарқа ауданы,
А.Сейдімбек атындағы ЖОБМ**

МЕЙІРІМДІ ҚЫЗ

Баяғы заманда бір патшалықта жүрегі мейірімге толы бір қыз болыпты. Ол өте еңбеккор және мейірімді еді. Оның сінілісі мен Ақұлпа деген мысығы болыпты. Бір күні патшалыққа зұлым сиқыршы келіп, мейірімді қыздың сінілісін сиқырлап, үйкіттетіп тастайды.

Мейірімді қыз қатты жылайды. Ол сінілісін үйқыдан оятып алу жолдарын іздей бастайды. Ақұлпа мысықтың да жанына қатты батады. Кенеттен мейірімді қыздың мысығына тіл бітеді. «Ей, мейірімді қыз, сен жылай берме. Шипалы тауда емдік шөп өседі, сол шөпті қайнатып, тұнбасын сініліңе ішкізсен, үйқысынан оянады»- дейді Ақұлпа мысық.

Мейірімді қыз мысығын ертіп, Шипалы тауды іздең жолға шығады. Олар ұзак жол жүреді. Бір уақытта үлкен өзенге тап болады. Бұл өзен балыққа бай екен.

Мейірімді қыз бен Ақұлпа мысықтың қарындары ашады. Олар өзеннен балық ауламақ болып, қармақ салады. Кенеттен мейірімді қыздың қармағына балық түседі.

Мысығы мен қыз қатты қуанып, балықты қуырып жемекші болады. Бірақ балық жай балық емес, алтын балық екен. Балыққа тіл бітеді: " Сен мені босатып жібер, қандай тілегің бар.

Мен сенің тілегінді орындауға дайынмын"- дейді. Мейірімді қыздың жүрегі мейірімге толы болатын. Қарыны қатты ашып тұrsa да, алтын балықты босатады. Алтын балықты босатып тұрып басынан кешкен оқиғасын айтады.

Алтын балық Шипалы тауға баратын жолды көрсетуге уәде береді. Алтын балық қатты-қатты сілкініп қалып еді, қыран құсқа айналып шыға келеді. Ол арқасына мейірімді қыз бен мысығын мінгізіп алып, Шипалы тауға ұша жөнеледі.

Олар Шипалы тауға аман-есен жетіп, емдік шөпті тауып алады. Сөйтіп алтын балықтың көмегімен мейірімді қыз сінілісін емдік шөп беріп үйқыдан оятып алады. Алтын балық бүкіл патшалықты сиқыршыдан құтқарады. Патшалықта ұлан-асыр той болады.

Осылайша мейірімді қыз сіңілісімен, Ақұлпа мысығымен бақытты ғұмыр кешеді.

Ал зұлым сиқыршыны алтын балық өз патшалығына алып кетіп, торға қамап тастайды. Ол енді жер бетіндегі адамзатқа ешқандай жамандық жасай алмай қалады.

**Қайролла Айжарқын,
6 сынып
Жанаарқа ауданы,
А.Сейдімбек атындағы ЖОБМ**

ЖАНБЫР БІЗГЕ НЕГЕ КЕРЕК?

Сәния бүгін далаға шыға алмай отыр. Себебі, далада жаңбыр жауып тұр. Әбден зеріккен

Сәния ауа райына ренжи бастады. «Шіркін, жаңбыр мұлдем жаумаса, қандай керемет болар еді. Ауа райы, неге жаңбыр жібересің? Ұнатпаймын жаңбырды»-деді Сәния ашуға басып.

Мұны естіген Жаңбыр патшасы Ауа райына барып, шағым жасады. Үнсіз тыңдал отырған Ауа райы Жаңбыр патшасының тілін алады.

Сөйтіп, жаңбырды жауғызбай, жерге бірде-бір тамшы тамбай қалады. Басында бұған қатты қуанған Сәния тек асыр салып ойнаумен болды.

Шамалы уақыттан соң жер құрғап, өсімдіктер қурап, өзендер тартыла бастайды.

Шөлдеген гүлдеріне су таба алмаған Сәния қатты сасып, жылап жібереді. Сәния өз қателігін түсінеді.

Ол: «Жаңбыр, кешірші, мен қателік жасадым. Сенің қадірінді білмедім. Сен бізге керексің. Ауа райы, қайта жаңбырды жіберші»-деп жалынды.

Бұл сөздерді естіп Ауа райы райынан қайтады. Жаңбыр патшасының да ашуы басылып, Сәниямен достасады. Аспанды бұлт торлап, жерге жаңбыр нөсерлете жауа жөнеледі.

Шөлдеген жердің шөлі басылып, гүлдер құлпыра бастайды. Суы азайған өзендердің суы толып, сыңғырлап аға жөнеледі.

Сәния: «Жаңбыр, сен тірі табиғат әлеміне өте қажетсің. Сенсіз жер деген ғаламшарда тіршілік орнауы мүмкін емес»- деп айқайладап жіберді.

Содан бері Жаңбыр патшасы мен Сәния айырылмastaй дос болады.



**Жансайтова Мадина,
9 сынып
«№22 МИ» КММ**

ЖЕР АНА

Бір адамзат келіпті жер анаға,
Ойында арам оймен пайда ғана.
Жер ана құшақ жайып қарсы алады,
Бойындағы бар байлығын сыйға тарта.
Адамзат бар байлықты пайдаланып,
Қорлайды, еш аяусыз жер ананы.
Жер ана ойланып қамығады,
Ызаланып адамзатты жазалады.
Жіберіп тылсым дүние зардаптарын
Індettі қоса бірге бағыттады.
Уақыт өтіп, адамзат ойланады,
Ағаш егіп, бар қатесін мойнына алды.
Адамзат қасіретті бастан кешті,
Опасыздық жасағанын кеш түсінді.
Қалайда кешірсін - деп бар қатесін,
Істегенін қолыменен мойнына алды .
Жер ананың елжіреді жан дүниесі,
Бұдан әрі ашуланып тұра алмады.
Рақымшылық жасады адамзатқа,
Дүние алма-кезек болатынын
Ұқты адам,
Түсінді кеш болса да.